



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№41 (630)
16 қазан,
2025 жыл

75 мың өлген өмір, жылаған «ана», жоғалған болашақ.
Қай 75 000 дейсіз бе? Бұл жыл сайын өлімізде жасалатын жасанды түсік саны. Иә, ресми дерекке сүйенсек, Қазақстанда бір жылдың өзінде осынша әйел жүктілігін жасанды түрде үзеді. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова мәлімдеген еді.
Сонда қай тұста қателестік? Неге өмірдің бастауы болған сәт үміт емес, үкімге айналды? Туырмай жатып шетінеген сәбидің обалы кімге?

ТҰНШЫҚҚАН ТАҒДЫРЛАР

Сандарды сөйлетсек жаға ұстағаннан да бетер боламыз. Ешкімге жасырын емес, жасанды түсік жасауға бел бұғанның басым бөлігі кәмілетке толмағандар болуы мүмкін. Қаршадай қыздың партада емес, перзентханада жүргені құлаққа түрпідей тиеді. Дерекке сүйенсек, баланың да балалы болуы пандемия кезінде

күрт өскен. 2020 жылы жеті мыңға жуық жасөспірім жүктілік бойынша тіркеуге алынып, мыңнан астамы жасанды түсік жасатқан. Оның ішінде 5639-ы ана атанды. Мұның өзі адам шошырлық. Дегенмен сол уақытта Денсаулық сақтау министрлігі кәмілет жасқа толмағандардың ерте жаста жүкті болуы 2019 жылмен салыстырғанда едәуір азайғанын хабарлады. Азайғаны сол болса...

ЖИ-

КӨМЕК ПЕ,
КЕСІР МЕ?

Жасанды интеллект – кейінгі онжылдықта кеңінен дамып, күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған озық технология. Оны тек компьютерлік бағдарлама немесе алгоритм деп қабылдауға болмайды, себебі ол біздің ойлау, жұмыс істеу, тіпті әлеуметтік қарым-қатынас жасауымызға әсер ететін заманауи құрал.

Тіпті ЖИ-ді «дос» санайтындардың қатары артып, көптеген адам оған жеке ақпаратын сеніп тапсыруға бейімделіп барады. Бірақ осы әрекет қаншалықты қауіпсіз? Тіпті шынайы видео мен ЖИ көмегімен жасалған видеоны айыра алмайтын халге жеттік.

2 БЕТТЕ

3-БЕТТЕ

КОЛЛАЖ А.НҰР

Табиғаттан қол ұзу де – бір қайғы.
Күйбең тірлік қызығынды ұрлайды,
Банкеттегі хрустальдің сынғыры
Жапырақтың сыбдырына тұрмайды.

Жырға құмар көмекейім сырнайлы
Газды суды ішсем болды – құрғайды.
Шоколадтың ең тәуірі
Тоғайдан
Теріп жеген бір жидекке тұрмайды.
Он флакон әтіріңіз
Бір уыс
Көк жусанның жұпарына тұрмайды!

Руль емес, мына маған бер қамшы.
Мен боп саған айтар сырын бар малшы.
Қайта туу мүмкін емес,
Егерде
Қайта тусам,
Болар едім орманшы!..



ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНА ҮЛЕС

Қадір акынның бұлай толғауының да өзіндік сыры бар. Мұны неге айтты дерсіз... Қазан айының үшінші жексенбісі елімізде табиғатты қорғау саласындағы маңызды кәсіби мерекелердің бірі – Орман шаруашылығы қызметкерлері күні аталып өтеді.

4-БЕТТЕ

ТАС

ЖОЛДА
ТӘРТІП ҚАНДАЙ?



Апта аяғы таяғанда қалаға қатынап жұмыс істейтіндер үйіне жетуге асығады. Одан қала берді білім алушылар да өрісі Арал-Қазалы, берісі Шиелі-Жаңақорған ауданына бағыт түзейді. Мұндайда олар теміржолдың бойымен асықпай жеткеннен гөрі, тас жолмен жүйтікпенді құп көреді. Міне, осындайда қалааралық такси қызметіне жүгінуге тура келеді. Ал олардың арасында тізгінге тежеу беріп, жол қауіпсіздігі ережелерін сақтамайтындар жиі кездеседі.

Соның салдарынан кейде оқыс оқиғаға тап болып жатады. Тіпті артынша қайғылы қақтығыстың да жаңалығы желдей еседі. Әрине бес саусақ бірдей емес. Мойнына жүктелген жауапкершілікке бей-жай қарамайтындар да бар. Шындығында оларға тағылатын айып қандай? Такси қызметіне де тәртіп қажет пе?



2-БЕТТЕ

ІҢКӘРБЕК ТӘУЕКЕЛОВ: ТІС САУЛЫҒЫ АНАНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНАН БАСТАЛАДЫ

Сау тіс – адам күлкісінің кілті, денсаулығының маңызды бір бөлшегі. Сол тістерді емдейтін тіс дәрігері – екі есе жауапкершілік арқалайтын күрделі мамандық. Ал біздің кейіпкеріміз Іңкәрбек Тәуекелов үшін стоматология тек мамандық емес, ол – өмір салты. Ол кәсіби билікті адамгершілікпен ұштастырып жүрген дәрігер.

– Іңкәрбек, кейде адам өз жолын кездейсоқ таңса, ал кейде сол жол адамды өзі іздеп табады дейді ғой. Бұл салаға деген қызығушылығыңыз қашан басталды? Мамандық сізді таңдады ма, әлде сіз осы жолға жүрек қалауыңызбен келдіңіз бе?

– Бұл сұраққа жауап беретін болсам, менің әңгімем біраз ұзақтау болар еді... Көпшілік өз мамандығын бала кезінен-

ақ таңдап, сол бағытта армандай бастайды ғой. Ал мен ондайлардың қатарына жатпаймын.

Мен – үйдің тұңғышымын. Сабақты жақсы оқыдым, үздіктер қатарында болдым. Алайда сегізінші сыныпқа жеткенде балалық мінезім басым түсіп, еркелігім байқала бастады. Мұны байқаған әкем менің болашағым алаңдап, тоғызыншы сыныптан кейін колледжге түсіруді жөн көрді.

5-БЕТТЕ

ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ

8-БЕТТЕ



ӨНЕР СӨЗСІЗ СӨЙЛЕЙДІ

7-БЕТТЕ



ОҚЫРМАН БЕТІ

6-БЕТТЕ



Басы 1-бетте



Рас. Ұлы жол бойындағы көлік қозғалысы арқаиан қауіпті. Баяу жүрген көлік көрмейсіз. Тығыз шаруа, белгіленген кездесу, жора-жақындарға асығу. Тезірек жүрмесек тіршіліктен қалыс қалуымыз мүмкін. Оның үстіне қытымыр қыстың таяп келе жатқанын ескерсек, ауа-райының қолайсыздығынан да қыршын жандар қиылып түсуде. Бұдан бөлек, төрт түлік малдың жолдан кесекөлденең шыға келуі жол апатын жігілетеді.

Шынымен кез келген көлік жүргізушісінен сұрап көріңіз, мұндай тәуекелдің нақ екенін айтып, сөзімзді құптайды. Қызылорда мен Қазалы арасында жолаушылар тасымалдайтын тақси жүргізушісі Арман Оңдаған:

– Отбасымды асырау үшін халықаралық трассада жүйткіп жүргеніме 4 жылдан асты. Әрі-бері жолаушы тасымалдаймын. Жолда жылқы, түйе, сиыр алдымыздан шығып қалып жатады. Жай жылдамдыкпен жүргеннің өзінде қою қараңғыда 5-6 метрден әрі жол шала көрінеді. Апатка ұшыраған жағдайда мал несін табу қиын. Жол журу қауіпсіздігін бұзған олар үшін заң да бар шығар. Кешке жакын малдарын жолдан алысқа айдап, жайылымын ұзартса өзіне де, басқаға да зияны тимес еді, – деді.

ҚР «Автомобиль жолдары туралы» Заңының 20-бабында «Жалпыға ортақ пайдаланатын автомобиль жолдарын пайдаланушылар көлік құралдарын жол журу қауіпсіздігін, жолдардың және олардағы құрылыстардың сақталуын қамтамасыз ететін жағдайда пайдалануға, сондай-ақ, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге міндетті» делінген. Сонымен бірге, ҚР Үкіметінің 1998 жылғы «Жол шаруашылығы құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру туралы» қаулысында «Автомобиль жолдарында: «...малды жол арқылы арнайы бөлінген жерден тыс, сондай-ақ тәуліктің қараңғы кезінде және жеткіліксіз көрінетін

жағдайда айдап өтуге, малды төсемі жетілдірілген жолмен айдауға және оларды жолдың жолақ бөлігінде жаюға тыйым салынады» деп көрсетілген. Сондықтан малшылардың үстінен бақылауды күшейтіп, заңды басқа жағдайда емес, дәл осы тұста қатандату керек.

«Батыс Қытай – Батыс Еуропа» тасжолындағы жантүршігерлік апаттың көпшілігі Қызылорда мен Ақтөбе қалаларының арасында болады. Мұның басты себебі – жолдың тар салынуы. Жер бауырлап келе жатқан автопойызды басып өту бұл аралықта мешел мұн. Он метрлік «фуранын» сонынан «карсы бағыттағы автокөлікті басып оза аламын ба?» деп сығалаған жүргізушіге ажал да сығалай қарайды.

– Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, жол апаты салдарынан он жылда 100 мыңнан астам азамат дүниеден қоштасады. Бұл – демографиялық өсімге ұмтылған еліміз үшін өте үлкен көрсеткіш. Ал біздің елімізде демографиялық саясатқа басымдық беріледі. Бірақ оны тежеуші фактормен күреспейді. Балалардың қауіпсіздігіне, дамуына тұтас жылды арнады. Дегенмен жол апатынан жылына 200 бала періште күйінде бақилық болады. 3 мыңнан астам түрлі жаракат алғаны БАҚ беттерінде жазылып жүр. Ересектердің өлімі де жанды жабырқатады. 12 айда 2500-ге жуық отбасы қара жамылатын көрінеді. Ендеше ұлы жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қандай себеп керек? Төрт жолақты асфальт төсеп, оны мұз ерітуге қауқарлы ету, жол жиегіне қоршау салу өлім көрсеткішін бірнеше есе кемітер еді, – дейді Қазалы ауданының тұрғыны Нұрберген Төлеген.

Облыс орталығынан Батысқа апартын Ұлы жолды кеңейту туралы мәселе кеше-бүгін ғана қозғалып отырған жоқ. Бұл жайында түрлі мінбер мен әлеуметтік желіде ұсыныс тастаудан

талған азамат аз емес. Есесіне бұл мәселе де шешімін тауып келеді. Екі аралықты төрт жолақты қылу жоспары қолдау тауып, ендігі жұмысын бастауды күтіп тұрған секілді.

Бірін айтып, екіншісіне кетеміз ғой. Негізі Заң бойынша үлкен трассада ең жоғарғы жылдамдық сағатына жүз шақырымнан аспауы шарт. Үнемі сапарда жүретін жүргізушілер көзіне бұл үлкен жылдамдық болып көрінбейді. Бірақ алдынан мал шыға келсе, тізгін тартып, көлікті тоқтату қиынның-қиыны. Арнайы жол белгілері орнатылған десек те, несіз кеткен мал күре жолдың бойында төбе көрсетпей қоймайды. Күндізгі уақытта қауіп-қатер төне қоймас, түнгі мезгілде жағдайлы сол жолдың бойында жүрген жұрт жақсы біледі.


Есте болса, бірер жыл бұрын жол жиегінде жайылатын төрт түліктің мойнына жарық шағылыстырғыш «алқа» тағуды міндеттеу туралы заң жобасы қолға алынғаны туралы теледидардан жарыса көрсетті. Дегенмен сөз бен істің алшақтығы кезекті рет көзге ұрып отыр. Көлікке мініп, көп сапарға шығатын біздің өзіміз мал қағып кетуге сәл-ақ қалған кездеріміз көп болса да, аталған ерекшелікті бір рет те байқамадық. Әрине мұның себебі анық. Шаруашылық иелері үшін мыңдаған мал басына «алқа» тағу қажетсіз шығын көрінеді де, жергілікті атқарушы биліктің нұсқауын құлаққа ілмейді. Алда-жалда малы көлік апатына себеп болса, айыппұл арқалаған арқаға жеңіл түседі. Бұл еліміздегі кейбір заңның әлсіздігін де көрсетеді.

– Осы кәсіппен айналысып жүргеніме 6 жыл болды. Тұрғындарды Қызылордаға жеткізу, екі арадағы жолды тоздыру оңай емес. Күн демей, түн демей еңбек етіп жүргеніміз отбасының қамы. Шаңырақта барлығы маған қарап отырғандықтан, жағдайын жасау менің мойныма жүктелген. Көпшілік жолай болған жайсыз жайттарына бізді кінәлап, айыптағысы келеді. Бірақ қанша жол ережелерін сақтап жүргенімізбен алдымызда не күтіп тұрғаны бізге де беймәлім.

Мұнда барлығымыз бір отбасындай болып, әр жолға шыққан сайын, бір-бірімізге ақ жол тілеп, амандықта қалаға, қаладан ауданға жетуді тілеп отырамыз.

Кенет жолда бірнәрсеге ұрынды десе, жанымызды қоярға жер таппай алаңдаймыз. Екі аралықтағы жолдың тар болуы да көп нәрсеге әкеліп жатады. Оған қоса төрт түліктің аяқасты жолдан шығып апатқа әкелуі де бар. Мұндайда мәселеге біржақты қарауға болмайды. Малына ие болмаған иесіне де бір шара қолданылса дейсін. Жұртшылық та бізді түсініп, барлығын қолдан жасап отырмағанымызды біліп жүрсе екен, – деген жанайқайын жеткізді жүргізуші Бекзат Бакберген.

Жолапаты орныалды делік. Мұндайда ең бірінші кінәні көлік жүргізушісінен іздейміз. Ал біз қағаз бетіне қалам түскеннен темір тұлпар тізгіндегендердің себептерін тізіп келеміз. Бұл пікірлермен де келісеуге болады. Бірақ жол бойындағы жауапкершілікке жүрдім-бардым қарайтындарда көптеп кездесетінін жасыра алмаймыз. Қызылорда – Қазалы аралығында қатынайтын жандардың бірі ретінде менде мұндайды бір емес, бірнеше рет байқағанмын. Жолдың бойына әбден төселген жүргізушілер қай жерде бейнебақылау орнатылғанын білгендіктен сол жерде жылдамдықты түсіріп, ал қалған уақытта шамадан тыс асырады. Сосын бір қолы рөлде, бір қолы мен көзі ұялы телефонда. Мұны Арал ауданының тұрғыны Жанерке Қуатбаева да құптайды.



Абзал ЖОЛТЕРЕК

Басы 1-бетте

ЖИ: КӨМЕК ПЕ, КЕСІР МЕ?

Қазақстанда да ЖИ саласы мемлекеттік деңгейде маңызды стратегиялық бағытқа айналды. Біреулер жасанды интеллектіге шектеу керек деп дабыл қақса, Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдау-2025 аясында Үкіметке экономиканың барлық саласына жаппай жасанды интеллектіні енгізуді тапсырды.

– Қазіргі құзырлы министрліктің негізінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру қажет деп санаймын. Жаңа министрлікті Премьер-министрдің орынбасары деңгейіндегі маман басқаруы қажет. Үкімет экономиканың барлық саласын жаңғырту үшін жаппай жасанды интеллектіні енгізу қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында.

Жетілген ЖИ-дің игілігі

Оның көмегімен дайын контент жасау, презентация дайындау, ғылыми жұмыстарды жеңілдетуге болады. Мұндай технологияны дұрыс қолданса, ол білім сапасын арттырады, уақыт үнемдейді, шығармашылықты дамытады. Сонымен қатар ЖИ арқылы сурет жасау, мультимедиа жобаларын жасау да кең тараған. Бұл процестер оқушының визуалды және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруде маңызды рөл атқарады.

– Меніңше, жасанды интеллект – білім әлеміндегі жаңа тыныс. Бастауыш сынып мұғалімі үшін ол – оқытуда шабыт беретін, баланың қызығушылығын оятатын үлкен мүмкіндік. Дұрыс

қолданылған жасанды интеллект сабақтың мазмұнын байытып, оқушылардың ойлауын, қиялын және танымдық белсенділігін арттырады.

Ол тек технология емес, ол – мұғалімнің шығармашылығын қолдайтын көмекші, оқушыны жаңа идеяларға жетелейтін құрал. Ең бастысы – оны адам тәрбиесіне, шығармашылыққа және білім сапасына қызмет еткізу. Сонда ғана нағыз заманауи ұстаздың сенімді серігіне айналады деп ойлаймын, – дейді жас мұғалім Данагүл Танатова.

Бірақ керісінше, аталған озық технология баланың шығармашылық қабілеттеріне тұсау болады деген ой сізді мазаламай ма? Ал ЖИ арқылы жасалған дүниеден алданып қаламын деп қорықпайсыз ба?

Ақылды құрал ақымақтыққа себеп болмауы керек

ЖИ-дің қауіпті тұстары туралы тарқата кетсек. Біріншіден, жеке ақпаратты беруде абай болу керек. Қазіргі қоғамда «дос» секілді сезілетін ЖИ құралдарына сеніп, жеке мәліметтерді бөлісу кеңінен тарады. «Chat GPT»-ді жеке психологқа санап, оған өмірінде болып жатқан барлық мәселесін бүге-шүгесіне дейін бүкпей тарқатып беретінін қайтерсін? Оған айтып берген әңгіменіңіздің мәңгілік платформаның базасында сақталатынын білесіз бе? Тіпті чатты тазалап, барлық хабарламаны өшірген күннің өзінде ақпаратыңыз сіз енді көре алмайтын «қараңғыда» сақталатын болады. Десе де мұндай нәтижелерді анғарғымыз келмейді. Себебі «жұртқа қатері тимеді ғой, маған да тимейді» деп белгісіз дүниеге сенім артқанды құп көреміз.

Екіншіден, ЖИ көмегімен жасалған видеолар мен шынайы бейнелерді айыра алмайтын халге жеттік. Мұндай технологиялық «қулық» жалған ақпарат таратуға, қоғамдық пікірді бұрмалауға, тіпті саяси манипуляцияға себеп болуы мүмкін. Адамдар шынайылық пен жасандыны ажырата алмай қалса, сенім мәселесі не болмақ? Осы орайда жасанды интеллектіні пайдалану шарттарына өзгеріс керек секілді. Бейнәтаспа немесе суретті, аудиозабыны жасағанда ЖИ-ге сілтеме беріп тұратын һәм ЖИ екенін анықтауға болатын дүние ойлап табудың жолдарын қарастыру қажет.

Үшіншіден, білім беру саласында ЖИ-ге тәуелді болу оқушының ойлау қабілетін әлсірететіні анық.

Дайын жауапқа үйреніп кеткен бала ақпаратты сүзгіден өткізбей қабылдайды, бұл тулғаның әлеуметтік интеллектіне кері әсер етеді емес пе? Өсекең ұрпақтың «дайын асқа тік қасық» болып бара жатқанына неге алаңдамаймыз?

Біреулер «Қай заманда болсын, адамнан айла аспайды. Оқушылар да өз уақытына сай ақпарат іздеудің жолын тауып отырған. Кеңес кезінде кітап болса, одан кейін ғаламтор, ал қазір бұл кезек ЖИ-дің еркінде» дейді. Күлкілі.

Білім берудегі ЖИ

Жасанды интеллект – қазіргі білім беру саласына айрықша әсер етіп жатқаны жасырын емес. Кәсіби тұрғыдан алғанда, оны дұрыс қолдану заман талабы. Сондықтан ағымнан қалып кетпеу маңызды. Жеңілдік тудыратын тұстарын түрлі мысалмен көрсетуге болады. Мәселен, оқушының деңгейіне қарай тапсырма беру мүмкіндігі бар, бұл әр балаға жеке оқу траекториясын құруға мүмкіндік береді. Мұғалімнің жүктемесі жеңілдейді, өйткені қағазбастылықтан арылу, яғни жоспар жасау, құжаттар, есептер мен сценарийлер дайындау үшін уақыт аз жұмсалады. Мұнда көмекке ЖИ келеді.

Тұла бойындағы әлеуметтік интеллектінің дамуына келетін болсақ, дайын жауапқа үйреніп кетсе, оқушының ойлау дағдысы әлсіреуі мүмкін. Ақпаратты сүзбестен қабылдау – ең қауіпті қатер, сондықтан білім алушыларға мүмкіндігінше дұрыс қолдану жолдарын үйрету өте маңызды.

– Жасанды интеллект – бұл заманауи көмекші. Дұрыс бағытта, бақылаумен, ұстаз басшылығымен енгізілсе, білім сапасына оң әсер береді. Бірақ адам факторын ешқашан алмастырмауы тиіс. Жасанды интеллектіні мектеп жүйесіне түбегейлі енгізу үшін бізге бірнеше этап қажет. Мұғалімдерге жасанды интеллектімен жұмыс істеу біліктілігін арттыру қажет. ЖИ-ді мұғалімді алмастырушы ретінде емес, құрал ретінде көру керек.

Яғни ЖИ білім процесін толық алмастырушы емес, құрал ретінде қолданылуы тиіс. Мектеп

жүйесіне оны түбегейлі енгізу үшін мұғалімдерге біліктілікті арттыру, оқушыны ақпаратты сүзуге үйрету, құрал ретінде қолдануды насихаттау керек, – дейді облыстық білім басқармасының маманы Дархан Құлабаев.

Министрлік не үшін керек?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында айтылғандай, ЖИ-ді экономиканың барлық саласына енгізу үшін арнайы министрлік қажет. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру – бұл стратегиялық қадам. Ол тек технологияны бақылап, дамыту ғана емес, сонымен қатар халыққа қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етуге бағытталған.

– Жасанды интеллектінің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр. Басқаша болу мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Өйтпесе, артта қалудың салдары өте ауыр болады. Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан 3 жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек, – деді Президент.


2025 жылғы 29 қыркүйекте Мемлекет басшысының Жарлығымен Жаслан Мәдиев Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі болып тағайындалды.

Қызықты фактілердің бірі – «Самрұқ Қазына» инвестициялық холдингінің ЖИ арқылы жұмыс істейтін директорлар кеңесінің мүшесі жақында қызметін бастап кетті. Күлкілі естілгенімен, ол өз дауыс беру құқығымен толыққанды кеңес мүшесі ретінде жұмыс істейді. Бұл ақпаратты көпшілік әртүрлі қабылдады. Таңғалмаңыз, сеніміне селкеу түскен жұрт аталған озық технологияны жылы қарсы ала қойған жоқ.

Қорытындылай келе айтарымыз, ЖИ – дұрыс бағытта қолданылса, ол білім сапасын арттырады, шығармашылықты дамытады, уақыт үнемдейді. Бірақ «болады» екен деп бақылаусыз пайдалануға жол бермеу керек. Адам факторы – басты рөлде қалуы қажет. Өйткені эмоция мен әлеуметтік қарым-қатынасты бағалау, моральдық шешім қабылдау – ЖИ-ге қолжетімсіз.

Заманның озық жетістігін оңтайлы әрі дұрыс бағытта қолданып үйренудің сәті келді.

Қорлан САРЫ



Басы 1-бетте

ТҰНШЫҚҚАН ТАҒДЫРЛАР

Қолындағы қуыршағын бөбекке алмастырғандардың көрсеткіші кейінгі бес жылда 1,5 есе өскен. Сондай ақ елдегі ерте жүктілік деңгейі 3 жылда 25% төмендеген деген дерек те бар. Ал ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Жұлдызай Ыскакованың айтуынша, кейінгі бес жылда елде 18 жасқа толмаған 12 мыңға жуық қыз бала жүкті болған.

– Бұл бағытта мемлекеттік органдар, медициналық және білім беру мекемелері, үкіметтік емес ұйымдар мен халықаралық серіктестер бірлесіп жұмыс істеуде. Алайда, жауапкершілікті тек мектептерге немесе ата-аналарға артып қою дұрыс емес. Халықтың денсаулығы – бұл баршаға ортақ жауапкершілік, ол ұлттық игілікке негіз боларлық маңызды мәселе, – деді Жұлдызай Ыскакова.

«Аманат» партиясы жанындағы Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі кеңес отырысында Мәжіліс депутаты Айна Мысыр-әлімованың ұсынған дерегіне сәйкес, қатынасқа түскен жасөспірімдердің шамамен 17%-ы кемінде бір рет жүкті болған. Алайда былтыр 15 пен 18 жас аралығындағы бойжеткендер арасындағы жүктілік деңгейі алдыңғы жылмен салыстырғанда 11% төмендеген. Десе де, маман бұл көрсеткіштің алдатарлық жағдай екенін де айтты.

Министрдің сөзіне қайта оралсақ, брифингте Әлназарова: – Қазақстанда жыл сайын 75 мың түсік жасалады. Заманауи отбасын жоспарлау әдістері бар кезде біз бұл көрсеткішті азайтуға күш салуымыз керек. Себебі әрбір түсік – әйелдің денсаулығы мен өміріне төнетін қауіп. Қазіргі таңда емханаларда әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы азаматтарды отбасын жоспарлау құралдарымен қамтамасыз ету үшін қажет қаражат бөлінуде, – деді ол.

Осы орайда жасанды түсіктің алдын алу үшін әлеуметтік осал топтағы әйелдерді тегін контрацептивтермен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Ал Қазақстанда аборт жасауға тыйым салу қарастырылмайды. Журналистердің жасанды түсік жайлы сауалына министр «Жок. Біз неғұрлым өркеніетті әдістерді таңдаймыз» деп нақты жауап берді.

Өздігінен түсік деген бар, иә. Бұл жүктіліктің 22-аптасына дейін ұрықты өздігінен жоғалту. Мұндай жағдайға көбіне инфекция әсер етеді. Себебі бұл мерзімде шақалақтың салмағы 500 граммға да жетпейді.

Ал ерте жүктілік пен түсік қаншалықты қауіпті? Бұл сауалға жауап алу үшін Жастар денсаулығы орталығының гине-

колог маманы Айгерім Ыдырысовамен байланыстық.

– Иә, өкінішке қарай, бүгінде өздігінен немесе жасанды түсік жасату жиі кездеседі. Түсік – өте қауіпті әрекет. Әсіресе, босанбаған, тұрмыс құрмаған қыз балалар үшін аса қауіпті. Өйткені бұл олардың болашақта бедеулікке шалдығуына әкелуі мүмкін. Яғни, егер қыз бала некеге дейін жүкті болып, түсік жасатса, бірінші жүктілігін ұзу аналық жүйеге үлкен зақым келтіреді. Кейін бала көтеру қабілетінен айырылып қалу қауіпі жоғары. Түсіктен кейін қатты қан кетіп, жатырдың зақымдануы мүмкін немесе жатырды алып тастайды. Мысалы, жүз пайыз қыз баланың шамамен 25 пайызы түсік жасатқаннан кейін ұзақ уақыт балалы бола алмайды немесе бала сүю мүмкіндігінен мүлдем айырылуы ықтимал. Сондықтан бірінші баланы өмірге әкелген жөн, – дейді маман.

– Ал ерте жүктілік пен жасанды түсік жасату неге көбейді?

– Мұндай жағдайдың көбеюіне бірнеше фактор әсер етеді: жыныстық сауаттың төмендігі, ақпараттың аздығы, әлеуметтік қиындықтар, отбасылық мәселелер.

Біз жасөспірімдермен жиі кездесу өткіземіз. Мектеп пен колледждерде ерте жүктіліктің қауіпі, түсіктің зияны туралы түсіндіреміз. Тәжірибеде байқалғандай, мұндай жағдай көбіне толық емес отбасындағы қыздарда жиірек кездеседі. Білімнің жетіспеуі де ерте жыныстық қатынасқа түсуге әсер етеді.

– Қандай кеңес бересіз?

– Қазір жас отбасыға медициналық және психологиялық кеңес алу мәдениетін қалыптастыру аса маңызды. Тұрмыс құрған жастар міндетті түрде отбасылық кеңес беру орталық-

тарына, гинеколог және уролог мамандарға жүгінгені жөн. Емханаларда жас аналарға кеңес беру орталықтары жұмыс істейді. Мұнда жаңа босанған әйелдерге немесе түсіктен кейінгі күтім қажет әйелдерге тегін кеңес беріледі. Сонымен қатар тегін контрацептивтер, гормоналды таблеткалар, спираль немесе үш айға дейін әсер ететін укол түрлері ұсынылады. Өкінішке қарай, көп қыз ақылы емханаларға немесе дәріханалардағы таблетка арқылы жасанды түсікке жүгінеді. Мұндай препараттар тек дәрігердің нұсқауымен беріледі. Егер қыз бала оны өздігінен, кеңессіз қабылдаса, жатырдың зақымдануына дейін алып келуі мүмкін. Сондықтан мұндай дәрілерді тек маманның бақылауымен, арнайы рецепт арқылы ғана қолдану қажет.

Міне, маман пікірі осындай. Ал жыныстық сауаттылыққа келсек, арнайы статистика, «сөйлейтін» сан жоқ. Мамандар жастардың ересектерге еліктеп, жыныстық өмірін ерте бастайтынын айтады. Тіпті қорғану әдістері туралы да білімі аз. Қазақстандық жасөспірімдер орта есеппен 16,5 жасынан бастап жыныстық қатынасқа түседі. Жыныстық тәрбие бойынша тренер Аслан Темірханның айтуынша, жастардың 91%-ы жыныстық жолмен тарайтын инфекцияларды білмейді, тіпті олардың қалай таралатыны жөнінде бейхабар. Сонымен қатар ата-ананың жасөспірім баласымен бұл тақырыпта сөйлеспейтінін айтты. Ал бұл ретте, әрине, әлеуметтік желідегі ақпарат жасөспірімге азық болады. Бірақ интернет-ресурс әрқашан дұрыс ақпарат бермейді. Мысалы, биыл мамыр айына дейін құқыққа қайшы келетін 5000-нан астам интернет-ресурс анықталса, оның 600-ден астамы порнография таратқан. «Қазақстандағы балалардың цифрлық өмірі» халықаралық әлеуметтік зерттеу нәтижесі бойынша, сауалнамаға қатысқан 1201 баланың 7,1% кейінгі жылдары сексуалдық сипаттағы хабарлама алғанын, 3%-ы сексуалдық сипаттағы фотосуреттері мен бейнежазбалары үшін өздеріне ақша немесе сыйлық ұсынылғанын, 1,8%-ы сексуалдық қатынасқа түсу мақсатында өзгелердің қорқытқанын немесе бопсалағанын, қыздардың 10,1%-ы онлайн таныстарымен жеке кездескенін көрсеткен.

Келесі айтарымыз – елдегі демографиялық ахуал баршаға аян, ал түсік көрсеткіші, керісінше, төмендер емес. Жыл сайынғы 75 мың жасанды түсік – бұл бір аудан халқының азаюымен тең. Ойлап көріңізші, осындай қарқын сақталса он жылда 750 мың сәбидің өмірі үзіледі. Бұл – бүтін бір ұрпақтың жоқ болуы. Мұндай қарқынмен біз қашан көбейеміз?

Әлгідегі санмен аяқтауды жөн көрдік. 75 мың түсік – 75 мың тағдыр...

Инжу МАРЖАН

Жуырда М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің ардагері, ұлағатты ұстаз Тазагүл Сейтжанқызының туғанына 80 жыл толуына орай «Тіл және әдебиет контексіндегі құндылықтар жүйесі: трансформациясы және заманауи әдістемелік ізденістер» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

ҰСТАЗ ЖАҚҚАН ШАМШЫРАҚ



Маңызды жиынға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессорлары, М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғары колледжінің ардагерлері мен ұстаздар қатысты.

Іс-шараның ашылуында Тазагүл Сейтжанқызының өмірін, еңбек жолын еске алуға арналған шағын бейнебаян көрсетілді. Кейін конференцияның модераторы Аскарбек Есжанов қонақтарды таныстырып, сөз кезегін Қорқыт ата атындағы университетінің құрметті профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ержан Уәйісқа берді:

– Педагог Тазагүл Сейтжанқызы сөзге шешен, елге қайырымы мол, парасатты, инабатты жан еді. Қызылордадағы байырғы оқу орындарының бірі, үлкен тарихы бар педагогикалық колледждің ақылшы басшылардың бірі болды. Облыста өткен республиканың ғылыми және білім мәдениетіне байланысты шаралардың ұйымдастырушысы болып, өзіндік үлес қосты. Бір жылдары Қызылорда облысы әкімінің кеңесшісі әрі орынбасары ретінде М.Мәметоваға арналған республикалық танымдық ғылыми конференцияға қатыстым. Шараның бірінде

көшпелі өмірі және ұлттық құндылықтары» тақырыбын жан-жақты қарастырды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Тұрғанбай Маханов, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Әлима Жақыпқызы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Күлдірсін Сейтжанқызы Тазагүл Сейтжанқызының ұстаздық мейірімін, шәкірттеріне берген білімі мен оның кәсіби қасиеттерін дәріптеді.

Іс-шара соңында ұлағатты ұстаз туралы жазылған «Дария – ғұмыр» кітабының тұсауы кесілді.

Кешкен ғұмырында артынан өшпес із қалдырған ұстаздың берген білімі, ұстанған принциптерін шәкірттері әлі де ұмытқан жоқ.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің директоры Жаксыгүл Тоғанова:

– «Тіл және әдебиет контексіндегі құндылықтар жүйесі: трансформациясы және зама-



Алма Ағдәулетова, Тазагүл Сейтжанқызы, қазақ қызы Надежда Лушникова, ақын Елена Әбдіхалықова болған еді. Сол жиында ғалым ұстаз Тазагүл Сейтжанқызы тебірене сөз сөйледі. Қазақ қызына тән ұлттық болмысты, елге ақылшы пана бола білген аналардың еңбегін жоғары бағалап, дәйекті мысалдар келтірді. Міне, тұнып тұрған тарих, дайын ғылыми еңбек, диссертация. Мен осы жолы Тазагүл апаның еңбегін жаңа қырынан таныдым, – дей келе, Тазагүл Сейтжанқызы туралы естеліктерімен бөлісті.

Конференция барысында бірқатар ғалым мен зерттеушілер баяндама оқыды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, филология ғылымдарының докторы Гүлдархан Нұрғазықызы «Қазақ мәдениетіндегі құндылықтар әлемі», әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, филология ғылымдарының докторы Анар Салқынбай «Абай іліміндегі «түсіну – меңгеру – тану» қалыбы», ҚХР Бейжінг қаласындағы Орталық Ұлттар университетінің доценті, PhD Айнұр Әбіш «Қазақ халқының

науи әдістемелік ізденістер» тақырыбындағы конференция әрбір оқушыға, білім алушыға, қатысушыға өзіндік рухани азық берді деп ойлаймын. Осы жерге Тазагүл Сейтжанқызы 16 жасында келіп, білім алып, бастауыш мұғалімі ретінде сонау кемелденген ұлағатты ұстазға дейін қызмет жасаған тұлға. Сондықтан оның ойы, пайым-парасаты ой түзейді, бой түзейді. Әлі күнге дейін осы жерде қызмет ететін тәлімгер, сол кісімен жүздескен үзегілес ардагер ұстаздарымыз ол кісінің ғибратты өмірін, ғұмырын, еңбек жолын бізге үлгі ретінде айтып отырады, – деді.

Бұл конференция ұлттық құндылықтарды ұлықтап, тіл мен әдебиетті дамытуға жаңа серпін беріп, жас ұрпақтың бойына білім мен рухани байлықты сіңіруге үндеді. Тазагүл Сейтжанқызының есімі мен еңбегі ұстаздар қауымының жүрегінде мәңгі сақталып, оның қалдырған кемелдік ізі кейінгі буынға үлгі болып қала береді.

Мерей ШӘКРАТ

● 19 ҚАЗАН – ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Орман шаруашылығы — ұлт болашағына үлес

Басы 1-бетте

Бұл күн – табиғаттың төл перзенттері, орманды көзінің қарашығындай сақтап, жасыл желекті кеңейтуге өмірін арнаған азаматтардың еңбегін ұлықтайтын ерекше мереке. Осындай азаматтардың бірі – Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының бас маманы Асылан Берікұлы.

Табиғатты аялау, орманды қорғау – жүрек қалауынан туған тандаулардың бірі. Асылан бала кезінен ауылдағы орман шаруашылығында еңбек етіп жүрген ағаларының жұмысын қызыға бақылап өскен. Табиғатпен етене араласқан сол сәттер оның болашақ өмір жолын айқындап берді. «Ағаш отырғызған адам – болашаққа үміт егеді» деген ұстаныммен ол мектепті тәмамдаған соң Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан университетінің орман шаруашылығы факультетіне оқуға түсіп, 2020 жылы жоғары оқу орнын тәмамдайды. Сол жылы еңбек жолын Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясында бас маман болып бастаған.

Бүгінде жас әрі бас маман өз ісіне шын беріліп, туған өлкенің орман байлығын сақтау жолында табанды еңбек етіп келеді. Оның айтуынша, орман шаруашылығы саласының басты міндеті – орманды қорғау мен сақтау, табиғи тепе-теңдікті қалпына келтіру, орман өсімдіктерінің өсімін арттыру және ондағы жануарлар мен құстардың мекенін қорғау. Бұл – жай ғана жұмыс емес, табиғат алдындағы аманат, ұлт алдындағы борыш санайды.

Жас маманнан орман шаруашылығы қызметкерлерінің бір күні қалай өтетіні хақында және бұл жұмыстың ең қызықты әрі ең қиын тұстары жайлы сұраған едік.

– Негізінен орманшының бір күні орман қоры жерлерін аралаумен өтеді. Орман алқаптарын аралау кезінде күнделікті табиғи құбылыстарды бақылауға аламыз. Орман ағаштары мен бұталарының жай-күйі қадағаланады. Табиғи ортадағы тіршілік иелерінің бір-бірімен қатынастарын бақылау орман шаруашылығы саласындағы ең қызықты жайт. Ал ең қиын тұстары жаздың аптап ыстығы мен қыстың қытымыр аязында шалғай жерлердегі орман алқаптарын аралау, – дейді ол.

Асыланның пікірінше, орман саласында еңбек етудің артықшылығы – табиғаттың ортасында болу, таза ауамен тыныстап, табиғи сұлулықтан қуат алу. «Табиғат – адам жанының айнасы. Орман арасында жүрген адам сабырлы, төзімді әрі мейірімді болуға үйренеді» дейді ол.

Қызылорда өңірі – климаты шөлейтті, өсімдіктер сирек өсетін аймақ. Сондықтан орманшылардың еңбегі мұнда айрықша жауапкершілікті талап етеді. Асылан сияқты жас мамандар еңбегінің арқасында кейінгі жылдары өңірде орман алқаптары кеңейіп, көшет егу ісі қарқын алып келеді. Көктем мен күз айларында өтетін ағаш отырғызу акцияларына жергілікті тұрғындар мен еріктілер белсене қатысып, табиғатты қорғау ісіне өз үлесін қосуда.

– Киматтың орман алқаптарына әсері жоғары. Өңіріміздің климаты өте континенталды, жазы ыстық, қысы суық, жыл мезгілдерінде климат тез өзгеріп отырады. Осы орайда өңіріміздегі ағаштар мен бұталар, өсімдіктер жамылғысы, сондай-ақ жан-жануарлар осы қатал климаттық жағдайларға бейімделген. Атап айтар болсақ, тораңғыл, сексеуіл, жиде, жыңғыл, шенгел, құмқараған, қарабарак, жүзгін тәрізді бұталар табиғи түрде өсетін болса, қылқан жапырақты ағаштардан шығыс бозаршасы, Түркістан туясы және жапырақты ағаштардан терек, қарағаш, үйеңкі, шаған, қараған, сөнағаш, айлант ағаштары және жеміс ағаштарынан алма, өрік, шиес ағаштары өңіріміздің климаттық жағдайларына жақсы бейімделген.

Елді мекендер мен қалаларда ағаш отырғызу жұмыстары жыл сайын жүйелі түрде жүргізіледі. Бұл іске тұрғындардың өздері де үлкен қызығушылықпен қатысады. Себебі әрбір егілген ағаш – туған жерге жасалған игі іс, – дейді маман.

Сондай-ақ ол қазіргі жастардың экологиялық мәдениетінің артып келе жатқанын атап өтті. «Қала көшелерінде бей-берекет тасталған коқыс азайып, табиғатты таза ұстауға деген жауапкершілік күшейген. Бұл бағытта экологиялық тәрбиені бала жастан қалыптастырудың маңызы зор. Жастардың табиғатқа жанашырлық көзқарасын қалыптастыруды балабақшадан бастау керектігін және әр балаға табиғаттың қадірін түсіндіру – қоғамның ортақ міндеті» дейді ол.

Кейіпкерімізден орман шаруашылығы және

жануарлар дүниесін қорғау бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде, сондай-ақ ағаштарды заңсыз кесу және табиғатты бұзу фактілерімен сала мамандары қалай күресіп жатқаны жайында сұрадық.

– Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау бойынша, бірінші кезекте заң бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүргізіледі. Заң бұзушылықтың алдын алу бағытында үгіт-насихат, түсіндірме жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп отырады. Заңсыз ағаш кесу деректері анықталған жағдайда орман қоры келтірілген

табиғатты аялап, орман ағаштарының жай-күйін түсіне білу керек. Бұл салаға жастарды тарту үшін мектептерде арнайы экологиялық пәндерден дәрістер оқыту, сондай-ақ «Жас орманшылар» ұйымын, мектеп орманшылығын ұйымдастыру қажет, – деп жауап берді.

Асылан Тамшыбайдың алдағы арманы – өңіріміздің қатал климатын жұмсартып, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға үлес қосу. Ол Қазақстанды орманы мол елдер қатарына қосуға атсалысуды өзінің кәсіби әрі азаматтық парызы деп біледі.

– Армамым – жасыл желегі мол, тынысы кең Қазақстанды көру. Табиғатты аялау – болашақ ұрпаққа жасаған ең үлкен жақсылығымыз, – дейді ол.

Иә, табиғаттың тынысын сақтап, орманды қорғау – онай іс емес. Бұл – төзім мен табандылықты, жауапкершілік пен жүрек жылуын талап ететін мамандық. Сол себепті орман шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі қашанда құрметке лайық.

Қазақстан аумағының шамамен 5 пайызын орман алқаптары алып жатыр. Елде орманды қорғау және көбейту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Экология және табиғи ресурстар министрлігі мен жергілікті орман шаруашылығы мекемелері жас көшеттер отырғызып, өрттің алдын алу, заңсыз ағаш кесуге тосқауыл қою бағытында тұрақты шаралар атқарып келеді.

Орман шаруашылығы қызметкерлері – ұлт болашағына өлшеусіз үлес қосып жүрген жандар. Олар жылдың төрт мезгілінде де табиғат аясында жүріп, орманды бақылап, ағаш егіп, жануарлар дүниесін қорғаумен айналысады. Әсіресе жазғы өрт қаупі жоғары маусымда олардың жауапкершілігі еселеп түседі.

Жоғарыда атап өткендей, осынау мереке күні еліміздің барлық өңірінде орман саласы ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, үздік мамандар марапатталады. Табиғатты аялау мен жасыл желекті сақтау жолында адал қызмет етіп жүрген орманшылардың еңбегі – ерен, еңсесі – биік.

Табиғатқа жанашыр, туған жерге адал жас маманның әр ісі – келешек ұрпаққа үлгі. Осындай азаматтардың арқасында еліміздің орман қоры ұлғайып, табиғат байлығы көздің қарашығындай сақталып келеді. Себебі орманды қорғау – туған жерді қорғау. Сондықтан әрбір азамат табиғатқа жанашырлықпен қарап, жасыл ағаш отырғыздан тартынбауы керек. Бүгін еккен ағаш – ертеңгі ұрпақтың саясы екенін естен шығармайық!

Аружан ОРАЛБАЙ



залалының мөлшері 50 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын болса құжаттар жинақталып, тиісті әкімшілік шара көру үшін сотқа жолданады. Заң бұзушының кінәсі дәлелденген жағдайда 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Осы жылғы көрсеткішке сәйкес айыппұл мөлшері 393 200 теңгені құрайды. Осы ретте заң бұзушылықтың жолын кесу бағытында рейдтік шаралар тұрақты жүргізіліп келеді, – дейді Асылан Берікұлы.

Орман – елдің байлығы, тынысы мен тіршілігінің кепілі. Таза ауа, су қоры, климат тұрақтылығы мен экожүйе тепе-теңдігі – бәрі орманмен тікелей байланысты. Сондықтан орманды қорғау, орман алқаптарын молайту – тек бір саланың ғана емес, жалпы қоғамның ортақ міндеті. Десе де осы саланың нағыз маманы болғысы келетін жасқа қандай кеңес берер едіңіз? Жас мамандарды осы салаға тарту үшін не істеу керек? Осынау сұрағымызға ол:

– Орман шаруашылығы маманы болу үшін бірінші кезекте



Саладағы ынтымақтастық нығаяуда

Қазақстан ТМД елдері арасындағы орман шаруашылығы саласындағы өзара ынтымақтастықты нығайтуға елеулі үлес қосуда. Бұл бағыттағы бірлескен іс-қимылдарды одан әрі жандандыру мақсатында 8-9 қазанда Тәжікстан Республикасының Душанбе қаласында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Орман шаруашылығы және орман өнеркәсібі жөніндегі кеңесінің XXIII отырысы өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасы Экология, тіршілік ресурстары және минералдық ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің төрағасы Данияр Тұрғамбаев қатысты.

Кеңес жұмысы барысында ТМД елдері үшін маңызды бірқатар мәселе талқыланды. Атап айтқанда, 2026-2030 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының жобасы, шекара маңындағы аумақтарда

орман өрттерінің алдын алу және сөндіру жөніндегі келісімді іске асыру жолдары, сондай-ақ ағаш материалдарының заңсыз айналымының алдын алу және оған қарсы күрес бағытындағы кешенді

шараларды жетілдіру мәселелері кеңінен қаралды.

Қазақстан тарапы отырыс барысында ормандарды қорғау, орман өнеркәсібін дамыту, озық тәжірибе алмасу, сондай-ақ цифрландыру

мен төтенше жағдайларға бірлесіп әрекет ету бағыттарындағы өңірлік өзара іс-қимылдың маңыздылығын ерекше атап өтті. Бұл бастамалар ТМД кеңістігінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және жасыл экономиканы дамытуға бағытталған ортақ мүдделердің айғағы болып табылады.

Отырыс қорытындысында ТМД елдері орман шаруашылығы мен орман өнеркәсібі саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықты тереңдетуге, сондай-ақ ортақ бастамаларды бірлесе жүзеге асыруға бағытталған нақты шешімдер қабылдады. Мұндай шешімдер аймақтық экологиялық тұрақтылықты сақтауға және орман ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар кеңес мүшелері келесі отырысты Қазақстан Республикасында өткізу туралы шешім қабылдады. Бұл – еліміздің халықаралық орман шаруашылығы саласындағы беделінің артып келе жатқанын көрсететін маңызды қадам.

А.МАРАТҚЫЗЫ



Басы 1-бетте

Жалпы менің қабілетім ауқымды еді – шығармашылыққа бейімім де бар болатын. Сурет салу, сызу сияқты істерге қызығушылығым жоғары болды. Осы қасиеттерімді ескеріп, ата-анам ақылдаса келе мені тіс техникі мамандығына түсіреміз деп шешкен. Алайда құжат тапсыру кезінде сәл қателесіп, мені «дантист» мамандығына жазып жіберіпті. Дантист дегеніміз – орта білімді, бірақ кей жағдайда ем жүргізуге де, тіс техникінің кейбір жұмыстарын орындауға да құқылы медицина қызметкері.

Сөйтіп, тағдыр мені сол жолға жетеледі. Кейін ойласам, мен мамандықты таңдамаған екенмін – мамандық мені таңдаған сияқты.

Оқуға шын ықыласпен кірісіп, табандылық пен намыс арқасында қызыл дипломмен тәмамдадым. Оқу барысында бұл салаға деген қызығушылығым артып, өз ісімнің маңызын түсіне бастадым. Сол кезде өзіме «міндетті түрде жоғары білім алуым керек» деген мақсат қойдым. Себебі орта білімді маман көбіне жоғары оқу орнын бітіргендердің көлеңкесінде қалып қоятынын байқадым.

Алланың қалауымен, дәл сол колледж қабырғасында өмірлік серігімді, болашақ жарымды кездестірдім. Уақыт өте келе екеуміз де арманымызды бір арнаға тоғыстырып, жоғары оқу орнына бірге түстік. Бұл жол – менің өмірімдегі ең үлкен сынақтардың бірі әрі ең сәтті шешімім болды.

– **Көбі тіс дәрігеріне келіп емделуге қорқады. Осы орайда алғашқы тіс дәрігерінің арқалайтын жүгі ауыр. Айтыңызшы, тіс дәрігерінен қорықпау үшін һәм пациенттің сенімін арттыру үшін не істеу қажет?**

– Иә, жасыратыны жоқ, тіс дәрігерінің алдына көпшілік үреймен келеді. Бірі алғаш келіп, білмей қорықса, енді бірі бұрынғы ауырсыну тәжірибесінен секем алады. Көп науқас кеңес дәуіріндегі ем-домның салдарын әлі ұмыта қойған жоқ десем қателеспеймін. Ол кезде анестезия сапасы төмен, құрал-жабдықтар ескірген, ал емдеу тәсілдері бүгінгі талапқа сай болмады. Тіс емдеу сол заманның мүмкіндігімен шектелетін.

Қазір жағдай мүлде басқа. Технология дамыды, құралдар жетілді, емдеу әдістері жаңарды. Бүгін біз пациенттің ыңғайын, жайлылығын және психологиялық күйін бірінші орынға қоямыз. Бірақ соның өзінде ғылым дамып тұрған дәуірде де бір заңдылық бар: қазіргі ең заманауи тәсілдердің өзі уақыт өте келе ескіреді. Медицина – үздіксіз қозғалыс, ал дәрігердің міндеті – сол өзгеріспен бірге дамып отыру.

Сенімді арттырудың ең басты жолы – дұрыс сөйлей білу, яғни коммуникация мәдениетін меңгеру. Адамның қандай екенін қысқа ғана әңгімеден-ақ аңғаруға болады. Сол секілді пациент дәрігердің кәсіби деңгейін көбіне оның сөзі мен қарым-қатынасынан-ақ сезеді.

Өкінішке қарай, кейбір тіс дәрігерлері өз білімін дәлелдеу мақсатында күрделі терминдерді жиі қолданады. Ал бұл – пациент үшін түсініксіз, кейде тіпті үрей тудыратын дүние. Әрине, кәсіби білімді болу маңызды, бірақ оны қарапайым тілмен жеткізе білу одан да құнды қасиет. Науқас өз денсаулығына қатысты әрбір әрекетті түсініп отырған кезде ғана дәрігерге сенім толық орнайды.

Сенімді арттырудың тағы бір маңызды тәсілі – өз жұмысыңның нәтижесін көрсету. Қазір әлеумет-

тік желі бәріне мүмкіндік береді. Емнің алдында және кейінгі нәтижелерді жариялау, пациенттердің пікірлерін көрсету – кәсібилігіңді айқындайды. Мұндай ашықтық жаңа клиенттердің сенімін арттырып, бұрынғы пациенттердің ризашылығын көбейтеді. Көп жағдайда бір адамның жақсы пікірі екіншісің сізге жетелейді. Ал өзге біреудің ұсынысымен келген науқаспен жұмыс істеу жеңілрек, себебі ол сіз туралы жылы пікір естіп, емнен қорықпай келеді.

Ең бастысы – сөйлесуден ерінбеу. Мен өз уақытымның едәуір бөлігін кеңес беруге, пациентке ем-шараның қалай өтетінін түсіндіруге арнаймын. Себебі сенім – тек құрал мен дәрінің емес, түсіністік пен ашық әңгіменің нәтижесі. Пациенттің көкейінде күдік те, жауапсыз сұрақ та қалмауы керек. Сол кезде ғана дәрігер мен емделуші арасында шынайы байланыс орнайды.

– **Біз көбіне тісіміз ауырмайынша күтімге мән бермейміз, ал сіз күн сайын сол немқұрайлылықтың салдарын көресіз. Сіздің ойыңызша, тіс күтіміне келгенде адамдар нені ескермейді?**

– Иә, өкінішке қарай, елімізде тіс күтіміне тиянақты қарамайтындардың қатары әлі де көп. Бұл – ащы да болса шындық. Көп жағдайда мәселені экологияға, су мен ауа сапасына ысыра саламыз. Алайда түптеп келгенде бәрі адамның өз денсаулығына деген жауапкершілігіне тіреледі.

Қызылорда қаласында тұратын өзге ұлт өкілдері көп. Клиникаға жиі келетін кәріс азаматтарының тіс күтімі мәдениеті бізге

қарағанда әлдеқайда жоғары екенін күнделікті тәжірибемнен байқаймын. Әрине, генетиканың әсері бар, бірақ негізгі айырмашылық – олардың тіс гигиенасына деген ерекше ұқыптылығында.

Ауыз қуысының нашар күйіне себеп көп. Күнделікті тіс жуу – жеткіліксіз. Бұл тек тазалық шарасы, ал тістің саулығына әсер ететін фактор әлдеқайда тереңде. Генетикалық тұрғыда алып қарағанда, көбіне баланың тіс сапасы ананың денсаулығынан басталады. Өз тәжірибемде бұған талай көзім жетті: ана денсаулығы нашар болса, ол болашақ баланың ағзасына, соның ішінде тіс құрылымына да әсер етеді. Біз көбіне баланың денсаулығына мән беріп, оған пайдалы тағам мен дәрумен жайлы көп айтамыз. Бірақ алдымен ананың денсаулығын емдеп, жүктілікті жоспарлап, ағзасын дайындау маңызды.

Өкінішке қарай, көп анада босану арасындағы интервал сақталмайды. Бұл –

Іңкәрбек ТӘУЕКЕЛОВ:

ТІС САУЛЫҒЫ АНАНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНАН БАСТАЛАДЫ



ағзаның қалпына келуіне кедергі. Күнделікті күйбең тірлік, стресс, дәрумен мен минерал жетіспеушілігі де өз әсерін тигізеді. Қазақ әйелдері көбіне өзіне күтім жасауға уақыт таппайды – отбасы, қызмет, ата-ене қамы... Мұның бәрі ананың денсаулығына, соның ішінде тіс сапасына әсер ететін маңызды факторлар.

Тістің бұзылуына екінші үлкен себеп – дұрыс емес гигиена. Көпшілік «Қандай паста жақсы?», «Қай тіс щеткасы тиімді?» деп сұрайды. Бірақ бастысы – құрал емес, тазалау әдісі. Күніне екі рет тіс жуу жеткілікті дегенді бәрі біледі, бірақ көбі оны дұрыс орындамайды. Мысалы, таңертең тіс жуған соң, таңғы ас ішіп алып қайта жұмайтындар бар. Ал шындығында, дұрыс тәсіл – тамақтан кейін тазалау.

Тағы бір қателік – тіс жетісіне немқұрайлы қарау. «Ауырмайды ғой» деген сылтаумен қаріесті асқындырып алатындар көп. Тіс ауруын емдеуге ақша аяуға болмайды. Денсаулық – бірінші орында болуы тиіс. Оны жоғалтпай тұрғанда қадірлеу керек. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген сөз бар ғой, сол секілді қарапайым профилактика адамды үлкен шығын мен ауыртпалықтан сақтайды.

– **Қазір көп адам кезінде немқұрайлылықтың кесірінен тісін жұлдырып, кейін имплант салдыруға мәжбүр. Ал оның бағасы миллионның үстіне шығады. Сол қаржыны басқа маңызды қажеттілікке жұмсауға болар еді. Мысалы, телефон сынып қалса, амалдың жоқтығынан жөндетеміз ғой, өйткені онсыз өмір қиын. Сол секілді тіс те – өмірлік құрал. Ақша болмаса да жолын табамыз, ал неге дәл сондай жауапкершілікті өз денсаулығымызға қолданбаймыз?**

– Тісті алты ай сайын тексертіп тұру қажет. Клиенттерге кеңес беру тегін, ең құрығанда тіс тазалауға келіп кетудің өзі көп мәселенің алдын алады. Бұл – үлкен аурудың басталмай тұрып тоқтауы деген сөз.

Тағы бір байқағаным, біздің халық көбіне мәселе ұшыққанда ғана келеді. «Үш күннен кейін құдалық», «Тез арада емдеп беріңіз, ұзатылғалы жатырмын», «Ертең туған күнім» деген секілді жағдай жиі кездеседі. Ал асығыс істің нәтижесі қаншалықты сапалы болмақ? Тіпті жүктіліктің соңғы аптасында келіп, шұғыл ем сұрайтындар бар. Ал ондай жағдайда ана мен балаға қауіп төнуі мүмкін. Осындай көріністерді көрген соң, денсаулыққа бейжай қарауға болмайтынын тағы түсінесің.

Қорытындылай келе, тіс күтімі – тек жеке бастың емес, жалпы ұлттық медициналық мәдениеттің көрсеткіші. Профилактиканы әдетке айналдырайық. Алдын алу – емдеуден жеңіл. Денсаулықтың қадірін ауырмай тұрғанда білейік.

– **Тіс емдеу кейде ұзаққа созылып, қаржылай да, моральдық тұрғыдан да оңайға соқпайды. Әсіресе имплант орнату – дәлдік пен күтімді талап ететін күрделі процесс. Кей жағдайда мұндай емнен кейін МРТ-ға түсуге болмайтыны да айтылады. Оқымандарға осы және өзге де маңызды нюанстар туралы айтып өтсеңіз. Пациент ем қабылдамас бұрын нені ескеруі керек?**

– Стоматологияда емдеу әдісінің түр-түрі бар, әрқайсысының өзіне тән протоколы болады. Жоғарыда айтып өткендей, көп адам бәрін тақалған сәтте ғана емдеткісі келеді. Алайда ағзаның кез келген процедуранан кейін қалпына келуіне уақыт қажет. Иә, барлық мамандықта дәлдік, жауапкершілік пен мұқияттылық маңызды, бірақ медицина-

де өз бетінмен шешуді талап етеді. Сен бір уақытта менеджер де, практикалық дәрігер де болуға тырыссаң, жауапкершілік салдарынан күйзеліске ұшырауың мүмкін. Сол себепті көптеген кадр соңында шыдамағандықтан тарқап кетеді.

Басшы болу – әділ болу деген сөз. Еңбекақыны әділ беру, жеке пайда үшін жұмысқа араласпау, қызметкерлерді қажетсіз мазалаудан аулақ болу керек. Өзім команданы қолдау үшін клиниканың атынан тимбилдинг ұйымдастырамын, түрлі қуаныш-қайғыда азды-көпті материалдық көмек көрсетемін.

Тағы бір маңызды сабақ – мықты команда қасында қалсын десең, дайын маманды күтпеу керек. Көп дәрігерге нөлден бастап кәсібін игеруге көмектесемін. Олардың тәжірибесін арттыру үшін оқу курстарына жіберіп тұрамын.

Қазір мамандығы тіс дәрігері болмаса да, осы саланы кәсіп көзіне айналдырғандар бар. Бірақ олар келген команданы ұстап қала алмайды. Себебі мамандарды ұстап тұру үшін өзін де осы салаға жан-тәнімен беріліп,



да бұл қасиеттердің рөлі ерекше. Әрбір ем алдында дәрігер науқасқа емнің барысын, қандай нәтиже күтілетінін, не істеуге болатынын және болмайтынын, диагноз бен емнен кейінгі күтім жайлы толық ақпарат беруі тиіс.

Брекет жүйесі туралы айтайықшы. Кейбір адамдар оны бір-екі жыл емес, 3-4 жыл бойы тағады. Бұл – жақ жүйесін толықтай түзету мен кейінгі күтімнің ұзақтығынан туындайды. Демек, денсаулықтан уақыт аяуға болмайды.

Адамның өз тісін ешқандай жаңа технология толығымен алмастыра алмайды. Дегенмен имплантация – соған барынша жақын технология. Ол қазіргі тіс емдеу саласында жиі қолданылатын және ғылым жетістіктерінің бірі саналады. Бұл – үлкен әрі күрделі ғылым. Имплант күтімі туралы ұзақ айтуға болады, бірақ қысқаша түсіндіріп өтейін.

Имплант өндірісі бойынша алдыңғы қатардағы елдер – Швейцария, Германия және Оңтүстік Корея. Тек Кореяның өзінде имплант шығаратын 35 фирма бар, соның алғашқы бесеуі әлемдік тіс емдеу нарығында жетекші орында тұр. Қай елдің өнімі пациентке сай келетіні және оның күтімі қалай болатынын дәрігердің кәсібилігіне тікелей байланысты. Бұл шешімді ол жағдайға қарай өзі қабылдайды.

Имплантпен МРТ-ға түсуге болмайды деген пікір бар. Алайда бүгінде бұл ереже өзгерген: қазір заманауи имплант иелері МРТ-ға еркін түсе алады. Тіпті әуежайлар мен өзге нысандардағы металл детекторлар да имплантты «сезбейді». Мысалы, жақында менің әріптесім МРТ-ға түсті, оның да тісінде имплант бар еді, ешқандай қиындық болған жоқ. Сол сияқты, менің анамның да 10 кермикалық импланты бар, ол да екі жыл бұрын МРТ-ға түсіп, бәрі сәтті өтті. Сондықтан бұл процедурадан қорқудың еш қажеті жоқ.

– **Қазір сіздің команданызда қанша адам жұмыс істейді? Жалпы ұжыммен жұмыс істеу сізге не үйретті? Басшы болуды қалай түсінесіз?**

– Командамда жалпы 7 адам бар. Құдай қаласа, осы айдың аяғында қатарымыз екі дәрігерге толығады. Клиникам «Президент» деп аталады. Қазір жұмысы қызу жүріп жатыр. Сонымен қатар жақында сол жағалаудан екінші тіс емханасын ашуды жоспарлап отырмын. Ол келесі аптадан бастап жұмысын бастайды.

Әрбір басшы үшін команда – ең маңызды ресурс. Біздің өңірде қай клиникаға барсаңыз да кадр жетіспеушілігі байқауға болады. Мұндай жағдайда кадрды ұстап тұру, команданы біріктіру және олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру оңай шаруа емес.

Басқару маған жауапкершіліктің мәнін түсіндірді. Тек өзінің ғана емес, өзгелердің де дамуы керек екенін үйретті. Жеке мәселелер командадағы басшылық қызметке кедергі болмауы тиіс. Яғни жан-жақты болып, барлығын тең дәрежеде басқаруға үйрену қажет. Дәрігерлік қызметте де менеджерлік қабілет керек деп ойлаймын. Маған бұл кейде ауыр тиеді. Өйткені қағаз жұмысы, науқастар, клиникаға қатысты басқа мәселелер – бәрін

мотивация беруің керек. Жас маман сенен үйрену, тәжірибе алу үшін келеді. Егер мотивация алмаса, ол өсудің басқа жолын іздейді. Сол себепті материалдық тұрғыдан болсын, моральдық тұрғыдан болсын, команданды тұрақты қолдап отыру аса маңызды.

– **Жеке клиника ашу – үлкен ерлік. Себебі ол тек кәсіби қадам емес, ішкі сенім мен табандылықтың көрінісі. Өз ісіңізді бастаған алғашқы күндеріңізде қандай сезімде болдыңыз? Жеке кәсіпті бастау жолында не үйрендіңіз?**

– Студент кезімде менің бір қағидам бар еді: мемлекеттік клиникада жұмыс істемеу. Бұл мемлекеттік мекемелердегі айлықтың төмендігіне байланысты туындаған қағида болатын. Тек жеке емханада, мықты жерде жұмыс істеймін деген ойда болдым. Дегенмен, өзім клиника ашамын деп еш жоспарлаған емеспін.

Ең алғаш «Persona» деп аталатын көпсалалы медициналық клиникаға жұмысқа тұрдым. Өте мықты мамандар еңбек ететін бұл мекемеде екі жылдан астам қызмет еттім. Содан кейін «Interteach» клиникасында 4-5 ай еңбек етіп, кейін досыммен бірігіп шағын емхана аштық. Екі жыл жұмыс істегеннен кейін екінші клиника аштық. Сол кезден бастап ортақ келісімге келіп, досыммен бірлескен бизнесті тоқтатып, жеке кәсіпке бет бұруды ұйғардық.

Жеке кәсіп бастағанымда қазір 4 жыл болған екен. Бизнес ашу оңай емес. Мұнда қатаң қағида жоқ, әркімнің тәжірибесі әртүрлі. Бүгін кезінде жасалған қателіктерді күліп еске аламыз, бірақ жоқтан бар жасадық. Қазірдің өзінде мақтанатын тұсымыз аз, бірақ напақамызды тауып отырмыз.

Мен өзіммен жарысамын. Таныстарым мен достарыма да «бәсекелестік – біреумен емес, өзіңмен болуы тиіс» деп айтамын. Біреу дайын дүниені дөңгелетіп кетуі мүмкін, біреу нөлден бастайды. Мұны салыстыруға болмайды. Сол үшін өзіңнің кемшіліктеріңмен жұмыс істеп, оларды түзетуге күш салу қажет. Мен өзіме үнемі «Мен кешегі Іңкәрбектен мықтымын ба?» деп сұрақ қоямын.

Жеке кәсіптің қызығы мен шыжығы қатар жүреді. Қағазбастылық та бар, тексеріс жүйелі түрде жүргізіледі. Кейбір кәсіпкерлер дайын дүниені пайдаланып, өз комфортты үшін жұмыс жасайды. Бұл да өз кезегінде дұрыс стратегия. Ал біреуінің кәсіптегі түсінігі мүлде бөлек болуы мүмкін, әр бизнестің өз адамы бар.

Жеке кәсіпті өркендеткен дұрыс. Ол мемлекетке, адамдарға, айналып келгенде өзіне пайда әкеледі. Бірақ бұл оңай емес. Пациент тарту, команданы бірлікте ұстау, жауапкершілік көрсету – қиын міндеттер. Бір сәтте ұстаз боласың, бірде ағасың, кейде дос болып сырласасың, кейде бастық ретінде қатаң болуға тура келеді. Бизнестегі адам бірнеше рөлді бір уақытта алып жүруі тиіс.

– **Сұхбатыңызға рақмет!**

Әңгімелескен Нұршат НЫШАНОВА

2023 жылы жарық көрген «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының рухани (діни және ұлттық) құндылықтары насихаттаудағы рөлі» атты бағдарламалық құжат қоғам назарын өзіне аударды. Республикалық имамдар форумында қабылданған бұл құжат Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының діни және ұлттық құндылықтарды ұштастыру, сондай-ақ ізгі қоғам қалыптастыру жолындағы ауқымды стратегиясын айқындайды. Құжаттың негізгі мақсаты – ғасырлар бойы қалыптасқан қазақстандық мұсылмандық мектепті қайта жаңғыртып, оның діни танымы мен ұлттық болмысын нығайту.

Мұфтият өз мақсатын айқындауда қазақтың бай рухани мұрасы мен ислам дінінің асыл қасиеттерін біріктіруді басты ұстаным етеді. Бұл екі дүниенің үндесуі арқылы «қайырымды һәм ізгі қоғам» құру мұраты тұр. Бұл мақсатқа жету үшін Діни басқарма кешенді әрі жүйелі жұмыстарды қолға алған:

1. Ислам дінін бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау

Ислам дінін заманауи бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) арқылы

кеңінен насихаттау – басты міндеттердің бірі. Бұл тек діни уағыздау ғана емес, сонымен бірге жат ағымдардың алдын алу мен қоғамдағы діни сауаттылықты арттырудың тиімді құралы. БАҚ арқылы Мұфтият тек діннің қағидаларын емес, сондай-ақ қазақ халқының дінмен сабақтастық ұлттық мәдениетін де дәріптейді.

2. Инфрақұрылымдық және білім беру жұмыстары

сонымен қатар рухани-ағартушылық орталықтары ретінде қызмет етуі тиіс.

• Діни кадрлар дайындау: Діни оқу орындарында білікті діни ағартушыларды дайындау мәселесі маңызды. Олар заманауи білім мен дәстүрлі қазақстандық діни танымды ұштастыра білетін, қоғамның сұранысына жауап бере алатын мамандар болуы қажет.

3. Ұлттық құндылықтарды жаңғырту

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУДАҒЫ РӨЛІ



• Мешіттердің рөлі: Мешіттердің салынуы мен олардағы қызмет сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлінген. Мешіттер – тек ғибадат орны ғана емес,

Құжатта діни және ұлттық құндылықтардың арасындағы байланысқа ерекше назар аударылған. Мұфтият қазақ халқының танымына сіңген бір-

қатар игі дәстүрлерді жаңғыртуды міндет етеді:

• Уақып мәдениетін жаңғырту: Қайырымдылық пен қоғамдық игілікке бағытталған уақып (қайырымдылық қоры) дәстүрін қайта орнату арқылы жамағатты қайырымдылыққа ынталандыру.

• Ас беру және зиярат мәдениеті: Ас беру мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ бабалар басына зиярат ету мәдениетін

1. Тұрақтылық нығайды: Діни ағарту және дәстүрлі танымға сүйену арқылы жат діни ағымдардың ықпалына тиімді тосқауыл қойылады, бұл – мемлекеттің және қоғамның тұрақтылығының кепілі.

2. Ұлттық рух күшейеді: Уақып, ас беру және зиярат мәдениеттерін жаңғырту – бұл тек діни амалдар емес, ұлттық тарихқа, бабалар мұрасына және өзара жанашырлыққа деген құрметті арттыратын фактор.

3. Адамгершілік артады: Жамағатты қайырымдылыққа ынталандыру және мешіттердің қызмет сапасын арттыру арқылы ізгілік пен адамгершілік қағидалары күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналады.

Қорыта айтқанда, КМДБ-ның бұл бағдарламасы қазақстандық мұсылмандық мектепті қайта жаңғырту арқылы имандылық пен отансүйгіштікті бір арнаға тоғыстырады. Бұл құжат – әрбір азаматтың санасында отансүйгіштік пен имандылық ұғымдарын тереңдететін, өзектілігі жоғары, және Қазақ елінің рухани тұтастығының діңгегін бекітетін бағдарламалық құжат болып қала бермек.

Айтжан МҰСАУЛЫ,
«Мырқы қажы» мешітінің имамы

ЖҮЙЕЛІ ЖАТТЫҒУ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Көне түркі көшпенділерінің ойыны саналған тоғызқұмалақ бүгінде біздің елде ұлттық ойын түрінде жақсы дамып келеді. Төрт мың жылдық тарихы бар ойынға оқушыларымыз үлкен қызығушылық танытып жүр. Шәкіртіміз Абылайхан Ермұрат – осындай жастардың бірі.

Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 7-сыныбында оқитын Абылайхан ұстаздарының үмітін арқалап, талай додаларда топ жарып жүр. Бүгінде оның тоғызқұмалақтан спорт шеберлігіне үміткер атағы бар. «Отыз оқушым – бір төбе, Абылайханым – бір төбе» деп, болашағынан зор үміт күтіп жүрміз. Кішкентайынан математикаға, есеп-қисапқа құштар болған Абылайханның айы оңынан туарына сенім мол. Болашақта Әлем, Азия чемпионаттарында биікті бағындырғысы келеді.

– Алдағы уақытта IT маманы немесе спорт саласын жалғастырғым келеді. Қандай мамандық таңдасам

да, ұлттық ойынымызды насихаттап, биік белестерді бағындыра бергім келеді, – дейді Абылайхан.

Талантты танып, қабілетін жанып жүрген тоғызқұмалақтағы ұстазы Бексұлтан Жамаладдинұлы шәкіртінің ұлттық ойынның ұлылығын ұғынып, терең бойлап жүргенін жеткізді.

– Абылайхан үйірге бастауыш сынып оқып жүргенде келді. Ойынды асықпай ойнайды. Өзіндік ерекшелігі бар. Жарыстарға барғанда да, дайындықтарда да Абылайханның ойлауы әріде екенін байқайтынмын. Өте намысшыл, алғыр. Ойын ойнағанда көзі жанып тұрады. Айта кететіні, тоғызқұмалақта уақытқа ерекше мән беру керек. Абылайхан уақытты алдын ала біліп, есептеп отырып, ұтымды пайдаланады. Тоғызқұмалақшыға керегі де осы қасиет. Бір чемпионатта қарсыласы 35 минут уақыт жұмсаса, ол 5 минут қана уақытын жұмсапты. Осыдан кейін көп ойыншылар, тіпті жаттықтырушылар да Абылайханды тани бастады. Оның ойымен санаса бастады. Топ баланың арасынан ерекше көзге түсті. Сол сәттерде мен тек баланы бұл ойынға әрі

қарай баптап беру керегін түсіндім. Осылайша облыстық, республикалық турнирлерге шығып, жүлделі орындарды иеленіп жүрміз, – дейді Бексұлтан Жамаладдинұлы.

Ұстазы шәкіртінің жетістігін ауыз толтырып айтқанда, ұйып тыңдап отырдым. Сынып жетекшісі ретінде Абылайхан туралы әрбір ана баласының тілеуін тілейтіндей, мен де тумысынан ұшқыр ойлы, аса зор қабілетпен жаратылған оқушымы ерекше жақсы көретінімді айқын сезіндім.

Сандуғаш РАМБЕРДІ,
№ 264 мектеп-лицейінің мұғалімі,
ҚР Журналистер Одағының мүшесі



Туған жер – адам жүрегіне ең жақын, ерекше қымбат мекен. Оның әр тасында, әр талы мен топырағында талай естелік пен сағыныш жатыр. Адам қанша алыста жүрсе де, жүрегінде туған өлкенің жылуды сақталады. Себебі сол жерде алғашқы қадам басады, сол жерде алғашқы арман мен үміт бүр жарады. Менің жүрегіме арман мен үміт ұялатып, сенім мен сезім сыйлаған туған жерім – Шәкен ауылы.

Аудан орталығынан 110 шақырым жерде орналасқан бұл ауыл 2005 жылға дейін Арықбалықауылдық округіне қарасты болып, сол жылы өз алдына округ болып тіркелді. Туған жерімнің «Шәкен» аталу себебі – XIX ғасырда Шәкен Сатыбалдыұлы есімді азамат өмір сүріп, мал шаруашылығымен айналысқан екен. Мен туған ауылдың географиялық орны малға жайлы болып, Шәкен атамыз сол жерден құдық қазып, мал жайлап, тұрақтапты. Содан бері Шәкен атамыз өз ағайынымен, азды-көпті малымен осы жерді мекендеп, айналасына адам жинап шағын ауылға айналдырған. Сол заманнан бастап ауылмыз Шәкен атаның атымен аталып, біртұтас ауыл болып келеді. Ауылшызда жаны жайсаң, жүрегі кең, қонақжай адамдар тұрады. Қайсы бірінің болмасын, отының басына бара қалсаң аңқылдаған ата мен ақ жаулықты әжеңі көріп бір маркайып қаласың. Ауылдан қазақылықтың иісі бүркырап, дәстүр мен тәрбиенің ұштасқанын байқайсың. Мен

дәл осы ауылда өсіп-өнгенім, осы ауылдан қанатымды кенге жайғаным кеудеме мақтанымш орнатады. Себебі бұл өлкеден түлеген мықты тұлғалар мен азаматтар көп.

Мәселен, соғыс ардагері Әбжам Алмахов атамыз – осы топырақтан. Ол Арықбалық ауылында дүниеге келіп, соғыс басталар сәтте жеті жылдық мектепті тәмамдады. Ойлана келе білімін тереңдетуді ұйғарып,



Қазалыдағы техникумға қуажат тапсырған. Сынақтан сүрінбей өтіп, білімін жалғастырды. Сонымен 1942 жыл да жетті. Қақаған қаңдарда Әбжам соғысқа аттанып, атакты Сталинград қаласын қорғауға қатысты. Ендігі жорық жолы Харьковқа ұласты. Бірнеше маралаттармен мадақталып, кеудесіне медаль тақты. 8 айдан соң сұрапыл соғыстан жаракат алып, әскери сапқа жарамсыз деп танылып, құтты қонысымен қауышты. Ел жағдайын көре келе, қарап жатпай еңбек етуді жөн көрді. Сүт фермасында жұмыс істеп, егін егумен де айналысты. Солай өмірлік

жары Айнисет анамызбен бірге ұл-қызына тәрбие беріп, немере-шөбере сүйді. Атамыздың көзі тірісінде мектеп оқушылары болып, батасын алдык. «Батаменен ер көгерер» демекші, бүгінде түрлі жетістікке жетіп, сан белесті бағындырғанымыз ардагер атамыздың ақ батасының арқасында шығар...

Міне, осы сынды ауыл азаматтары мен аңқылдақ адамдары ауылды аңсап, жы-

жары Айнисет анамызбен бірге ұл-қызына тәрбие беріп, немере-шөбере сүйді. Атамыздың көзі тірісінде мектеп оқушылары болып, батасын алдык. «Батаменен ер көгерер» демекші, бүгінде түрлі жетістікке жетіп, сан белесті бағындырғанымыз ардагер атамыздың ақ батасының арқасында шығар...

Ойымды мына бір сүбелі сөзбен қорытындылағым келеді:

«Ауылдан адам көшкенмен, Адамнан ауыл көшпейді»...

Ақбота ҚОЛҒАНАТ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУДА ИДЕЯ КЕРЕК

Ұлттық киім кию, ою-өрнектерді тану, күй тыңдау, айтыс өнерімен танысу – баланың эстетикалық танымын кеңейтетін маңызды құралдар. Балабақшада оқушылар жас ерекшеліктеріне қарай кіші топ, орта топ, үлкен топ болып бөлінетіндіктен, осы ұсыныстарым арқылы ұлттық құндылықтарымызды деңгей бойынша саралап оқытқан жөн тәрізді.

Ұлттық құндылықтарды балабақшада түсіндіру балалардың рухани дамуына, ұлттық бірегейлікті сезінуіне ықпал етеді. Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған орта туралы алғашқы түсініктерін қалыптастырып, әлемді ұлттық көзқарас арқылы қабылдауды үйренеді. Мысалы, қазақ халқының киіз үйі, ою-өрнектері, ұлттық тағамдары мен ойындары балаларға танымдық қызығушылық тудырып, олардың зейінін арттырады. Мен осы нәрселерді негізге ала отырып балабақшадағы балаларға ұлттық құндылықтарды бірнеше тиімді әдістермен үйреткен жөн екенін жиі айтып жүрмін.

Ойын жасындағы балаларға ойын түрінде үйреткен жөн. Ұлттық ойындар балалардың өмір сүру дағдыларын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Мысалы, «асық ату» ойыны тек қана ептілік пен дәлдікті емес, сонымен қатар шыдамдылық пен тәртіпті де үйретеді. «Тоғызқұмалақ» ойыны логикалық және стратегиялық ойлау қабілетін дамытады, ал «арқан тарту» балаларды бірлесіп әрекет етуге, топтық ынтымақтастыққа бейімдейді.

Келесі кезекте балаларға театрландырылған қойылымдар арқылы ұлттық құндылықтарымызды насихаттай аламыз. Мысалы, «Алдар көсе» ертергін сахналау



барысында балалар айлакерлік пен адалдықты салыстыра отырып, жақсы мен жаманның айырмашылығын түсінеді. Сонымен қатар, қойылымдар арқылы балалар қазақ халқының дүниетанымы мен өмірлік қағидаларын терең түсіне бастайды.

Шығармашылық жұмыстар баланың қиялы мен шығармашылық ойлауын дамытуда ерекше маңызды. Мысалы, ұлттық ою-өрнектерді қағазға немесе матаға салу, киіз үйдің макетін жасау сияқты тапсырмалар балалардың ұсақ моторикасын жақсартуға ықпал етеді. Балалар осындай әрекеттер арқылы қазақ халқының колөнеріне, мәдени мұрасына қызығушылық танытады.

Табиғат аясында ұлттық құндылықтарды насихаттау балалардың экологиялық санасезімін қалыптастырады. Наурыз мейрамы сияқты ұлттық мерекелерді табиғат аясында өткізу арқылы балалар қоршаған ортаны

қорғау қажеттілігін түсінеді. Табиғаттағы ойындар мен серуендер балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, оның әсемдігін бағалауға үйретеді. Сонымен қатар, мұндай шаралар балалардың дене белсенділігін арттырып, олардың денсаулығына оң әсер етеді.

Қорытындылай келе айтарым, ұлттық құндылықтарды насихаттау – балаға тек білім беру ғана емес, болашаққа бағыт-бағдар беру. Өзінің кім екенін түсініп өскен бала ғана отбасын, Отанын құрметтейтін азамат болып қалыптасады. Сондықтан біз, болашақ тәрбиешілер, балалардың бойына ұлттық рух пен сүйіспеншілікті сіңіру арқылы ел болашағына өз үлесімізді қосатынымызға сенімдіміз.

Айдана АСКЕРБЕК,
Текей батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледжінің студенті

Өнер – сөзге тәуелді емес, бірақ сезім мен ойды терең жеткізе алатын әмбебап тіл. Леонардо да Винчидің «Мона Лиза» картинасы бір ғана әйелдің бейнесін суреттегенімен, оның жұмбақ күлкісі мен көзқарасы адамды сан түрлі ойға жетелейді. Біреулер одан нәзік қуанышты, екіншілері мұң мен терең ойды көреді. Суретші еш сөзсіз адамның ішкі жан дүниесіндегі күрделі сезімдерді бейнелеген.

Мұндай өнер қазақта да кең таралған. Мысалы бүгінде ұлттық болмысымызды көрсететін, жүн мен кестелі жіптен мағынасы терең картина жасау қанатын кең жайып келеді. Осы орайда Леонардо да Винчидің «Мона Лизасы» секілді «әйел» образына ерекше мән беріп, өз көзқарасын кестелі бейнеде көрерменге ұсынып жүрген Меруерт Тимурқызымен сұхбаттасу бұйырды.

– Әр шебердің шығармашылыққа келу жолы ерекше. Меруерт, айтыңызшы, өнерге бет бұруыңызға не себеп болды?

– Өнер менің қанымда бар десем болады. Өйткені анам шығармашылықтың адамы болды. Сәби кезімде сүтпен дарып, ес білген шағымда анамның жұмыс үстеліндегі бояу, тоқыма жіптерді қызықтап ойнап жүрдім. Бүгінде анашым Сауле Сериева – Қармакшы аудандық «Оқушылар үйінде» көркем еңбек пәнінің мұғалімі, көркем өнер үйірмесінің жетекшісі. Бала күнімде анам жұмысқа барса, міндетті түрде ізінен еріп баратынмын. Ол шақта телефон, теледидар қазіргідей дамымаған еді, сондықтан мен үшін ең қызық сәт – анамның өнер кабинетінде өткізген уақыт болатын. Анам сабақ өткізіп жатқанда мен де қасында жүріп сурет салып, түрлі бұйымдар жасап, маталармен ойнайтынмын. Бала көңілмен барлығын қайталауға тырысатынмын. Анам әр заттан сұлулықты көруді үйрететін. Қасында жүргенімде «Өнер – бұл сабыр мен шеберлік» дейтін. Мен сол сөздерді бала күнімнен бойыма сіңіріппін.

Анам сабақтан кейін де үйірмесін жалғастыратын. Мен де соған қызығып, өз еркіммен еріп баратынмын. Сол жерде өнердің шынайы әлемін көрдім. Әр бала өз жұмысын сүйіспеншілікпен орындап, кішкентай бұйымдардан үлкен өнер туындысын жасап шығаратын. Қатты қызықтым. Анам өнердегі алғашқы ұстазыма айналды. Уақыт өте түрлі байқаулар мен көрмелерге қатысып, жүздеп орындарға ие болдым. Бұл менің өз күшіме сенімдімді арттырды. Екеуіміз бірігіп жасаған еңбектер әлі күнге дейін мен үшін ерекше қымбат. Сурет, колөнер, кесте – бәрі мен үшін өмірдің бір бөлігіне айналды. Сол балалық шабыт мені болашақ мамандығымды таңдауға алып келді.

Мектеп қабырғасында болашақ мамандығым жайлы көп ойлап жүрдім. Түрлі саланы ойланып, өз бағымды сынап та көрдім. Бірақ жүрегім колөнерді таңдады. Университетке түскен шағымда топта сегіз қыз ғана мемлекеттік грантка қабылдандық. Бірақ солардың ішінде өз мамандығын шын сүйіп таңдаған жалғыз мен екенімді уақыт айқындап берді.

Өнер мені өмірге, сабыр мен әр детальдан эстетиканы көре алуды үйретті. Әр сурет, әр туынды менің ішкі жан-дүниемнің бір бөлшегі. Қазір өзім де ұстаздық жолдамын. Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде көркем еңбек пәнінен оқушыларға сабақ беремін. Мен үнемі анамның жолын жалғастырып жүргенімді мақтан тұтамын. Анам менің ең алғашқы ұстазым, ең үлкен шабыт берген тұлғам. Егер ол кісінің өнерге махаббаты болмағанда, менің бүгінгі жолым дәл осылай қалыптаспаған болар еді.

– Көрермен дайын картинаны көреді, бірақ артындағы еңбекті сезбейді. Бір туындыны жасау процесі қалай өтеді?

– Дұрыс айтасыз, кей көрермен үшін дайын картина жай сурет болуы мүмкін. Әр картинаның артындағы еңбекті тек өнер адамы ғана сезініп түсіне алады. Әлемі түстер, мағыналы көрініс – бәрі бір сәттік шабыттың жемісі секілді көрінеді. Шындығында, әр туындының артында үлкен еңбек, сабыр мен ізденіс жатыр. Бір картина шамамен бір ай, кейде бірнеше ай тынымсыз еңбекпен жасалады. Бір туындыны бастамас бұрын мен ұзақ уақыт ойланып, үлгісін ойымда жасаймын. Образды кейде тұн ортасында, кейде жұмыста жүргенде еселестемін. Кейіпкердің көңіл-күйін, бояудың мінезін, композицияның тепе-теңдігін бәрін алдын ала сезіну керек.

Туындыны жасау барысында ең алдымен эскиз дайындалады. Содан соң суретке сай жіптің түстері анықталып, құрал-жабдықтар түгелдену арқылы қызу жұмыс басталады. Сондықтан мен үшін әрбір туынды жай бейне емес. Ол уақыттың, еңбектің, шексіз махаббаттың және шебердің сабыршының жемісі. Көрермен дайын картинаны көріп тамсанады, ал мен сол картинаның әр сызығының артында тұрған еңбекті, ұйқысыз түндерді,



Меруерт ТИМУРҚЫЗЫ:

ӨНЕР СӨЗСІЗ СӨЙЛЕЙДІ

ізденісті көре аламын. Өнердің ең үлкен құдіреті де осында – көзге әдемі көрінгенімен, оның түп төркіні адамның шексіз еңбегі мен ішкі әлем тереңдігінің көрінісі.

– Жүнмен жұмыс істеу үлкен шыдамды талап етеді. Бұл өнер мінезіңізге қалай әсер етті?

– Жүнмен жұмыс істеу – ерекше шыдам мен нәзіктік талап ететін өнер. Бұл тек қолдың емес, жүректің де еңбегі. Әр тал жүннің өз жаны бардай, оны сезінбесең саған бағынбайды. Сол себепті бұл өнер менің мінезімді қалыптастырды, ішкі тыныштыққа үйретті. Қазіргі тілмен айтқанда нағыз антистресс. Мен құрғақ жүнмен жұмыс істеймін, яғни киіз басу емес, инемен ұрғылау әдісі арқылы бейне жасаймын. Бұл процесс өте ерекше сезім сыйлайды. Инені қолыңа алып, жүнді ұрғылап отырып, өзіңнің ойың мен сезімдің соған сіңіресің. Бір жағынан терапия секілді. Күнделікті уайым, шаршау, мазасыздықтың барлығы сол жүнмен бірге ұрғыланып, бір формаға түседі. Инемен ұрғылаған сайын шаршағаным басылып, жаным жеңілдеп қалады. Біреу үшін бұл жай ғана колөнер болса, мен үшін бұл – жан тыныштығын табудың бір жолы. Әр тал жүнді түстерге бөліп, үйлестіріп, бейне шығару барысында өз ойыңды реттеп, өмірге басқа көзқараспен қарай бастайсың. Әдемілікке ұмтылу, ұқыптылық пен ұсақ детальға мән беру – бәрі осы өнер арқылы бойыма сіңді.

Жүнмен жұмыс менің мінезімді жұмсартты. Бұрын бәрін тез жасауға тырысатынмын, ал қазір әр істің өз уақыты бар екенін түсіндім. Өйткені бұл өнер асығыстықты кешірмейді. Егер көңіл-күйің тұрақсыз болса немесе асығып отырсаң, нәтиже де соған сай болады. Сондықтан әр туындыны сабырмен, тыныштықта, жақсы ниетпен бастауға тырысамын. Жүннің табиғи қасиеті мен адамның ішкі энергиясы бірігіп, ерекше үйлесім табады.

– Кейбір картиналар ұзақ уақыт бойы «іспей» жататыны рас. Сіз де аяқталмай қалған немесе қайта оралған туындылар бар ма?

– Иә, кейбір картина көрермен үшін жай ғана аяқталмаған жұмыс болып көрінуі мүмкін, ал суретші үшін – сол туындының «жан дүниесі» толық ашылмаған сәт. Менің де дәл сондай жұмыстарым бар. Бір туындыны бастап, бірақ аяқтауға уақыт пен шыдам жетпей, жарты жолда қалған үш-төрт жұмысым бар. Кейде жұмысқа отырып алып, бар ынтанмен бастағанмен, бір сәтте ішкі тоқырау, шабыттың бәсеңдеуі сезіледі. Сол кезде мен өзімді қинамай, жұмысты қоя тұрамын. Өйткені туындыны тек жақсы көңіл-күймен, толық дайындықпен аяқтаған маңызды. Егер көңілсіз немесе шаршап отырып кесте тігілсе, ол жұмыс та сондай күйді сіңіріп алады. Өнерде бәрі шынайы болуы керек деп есептеймін. Бірақ уақыт өте келе аяқталмаған картиналар қайта өзіне тартады. Сондай сәтте сол жұмысыма қайта ораламын. Кейде арада айлар өтеді, тіпті жылға жуық уақыт кететін кездер де болады. Бірақ мен ондай картиналарды аяқталмай қалған жұмыс деп емес, өз уақыттың күтіп тұрған туынды деп қабылдаймын.



Өнерде бәрі дәл өмір секілді. Асықсаң – сәттілікті жоғалтасың, ал кейде кідіріс пен үзіліс – ең дұрыс шешім болады. Өйткені шабыт – бұйрықпен келетін дүние емес. Ол жүректен туады, ал жүректің ойдан тынығуды қалайды. Уақыт өте ол туынды жаңа мәнге ие болады. Балкім, сол мезетте мен оны аяқтайтын дайындыққа болмаған шығармын. Сондықтан мен үшін аяқталмаған картиналар – бұл тоқыраудың белгісі емес, керісінше, ішкі өсу мен ізденістің бір бөлігі.

– Сондай-ақ, кесте тігумен де айналысамын деп қалдыңыз, кестелеріңіз жайлы ашып айтыңыз.

– Кесте тігу мен жүннен бейне жасау – екеуі де менің шығармашылық өмірімнің маңызды бөлігі. Жүннен бейне жасап кейінгі жылдары ерекше қызығып айналысып жүрген жаңа бағыттарымының бірі болса, кесте тігу – менің бала күнімнен бірге келе жатқан ескі сергім, өнерге деген алғашқы қадамдарымның бірі.

Анам бір бұрышта сабакқа дайындалып отырса, мен қасында отырып жіптің ұшын инеге өткізіп, өзімше тігіс тігіп отыратынмын. Алғашқыда тігістерім қисық, түстерім үйлеспей жататын, соның өзінде бұл кестелер мені қуанышқа бөлейтін.

Кестеде әр тігіс дәлдік пен ұқыптылықты қажет етеді. Ол сені асықтауға, әр ісіңе мән беруге үйретеді. Кейде бір күлді тігіп бітіруге бірнеше күн кетеді. Бірақ сол дайын болған жұмысыңды көргенде, барлық шаршағаның ұмытылып, бойыңды ерекше қуаныш сезімі билейді. Мен үшін кесте – тек колөнер емес, ол өз ойыңды, ішкі сезімдің мата бетінде бейнелеу тәсілі.

Жүннен бейне жасау өнері маған жаңа тыныс, жаңа шабыттың бастауы болды. Бұл өнер арқылы түстер мен текстуралар әлеміне басқаша көзбен қарай бастадым. Жүн басуда екі техника қолданылады: бірі құрғақ жүнді қолдану болса, екіншісі ылғалды жүнді колөнерде іске жарату. Бүгінде колөнер дүкендерінде сатылатын дайын

құрғақ жүнмен жұмыс істеу өте тимді. Төрт түліктің табиғи жүнін колөнерге қолдануға дейін көп жұмысты талап етеді. Ал дайын құрғақ жүн уақытыңды үнемдеп, жаңа туындыға көп көңіл бөлуге көмектеседі. Бұл екеуі де менің табиғатыма жақын. Екеуі де нәзіктік пен шыдамдылықты қажет етеді. Кестеде түстерді жіп арқылы бейнелейтін болсақ, жүн арқылы эмоцияны жеткізесің. Бірақ екеуін де біріктіретін нәрсе – жүреппен жұмыс істеу.

– Картиналарыңыз арқылы қандай ойды жеткізгіңіз келеді?

– Өнер сөзсіз сөйлейді, рас. Өйткені кей сезімді, кей ойды сөзбен жеткізу мүмкін емес. Ал сурет, кесте, жүнмен жасалған бейне сол үнсіздіктің ішінен өз тілін табады. Мен үшін өнер – үнсіз тіл. Мен өз ойымды, өз жан дүниемді, қоғамға деген көзқарасымды дәл осы өнер арқылы жеткіземін.

Менің туындыларымның негізгі өзегі – еркіндік пен әйел болмысы. Мен көбіне әйел бейнесін бейнелеймін. Өйткені әйел – өмірдің өзегі, махаббаттың бастауы, мейірімнің иесі. Әйел арқылы мен әсемдікті, сабырды және рухани күшті көрсеткім келеді. Қоғамда әйелге, әсіресе анаға деген құрмет көбейсе екен деймін. Әйел – тек отбасының ұйытқысы емес, ол шығармашылықтың, мәдениеттің, тіпті мемлекеттің рухани тірегі. Мен әр туындым арқылы осы ойды жеткізім келеді. Әйел бейнесі мен үшін жай адам мүсіні емес, ол – тұтас әлем. Оның көзқарасында мейірім, жүрегіңде сабыр, ал иығыңда үлкен жауапкершілік жатыр.

Кейде әйел бейнесін шектеусіз еркін күйде бейнелеймін. Шашы желмен ойнап, көзі алысқа қараған кейіптері картинкалар менің ішкі «еркіндік» сезініміңнің көрінісі. Әйел де, ана да қоғамда еркін сезінуге, өз ойын ашық айтуға, өз арманына ұмтылуға құқылы деп есептеймін.

Өнерде сөз аз, бірақ мағына көп. Туындыларымда да дәл солай. Мен сөйлетпей-ақ, әр жіп, әр бояу, әр тал жүн өз хикаясын айтып тұрады. Кімдекім сол туындыға қарап, өзіне бір ой, бір сезім алса – менің мақсатым орындалды деген сөз. Өнердің ең үлкен күші – адамды ойландыру. Мен көрерменге дайын жауап ұсынбаймын. Тек бейне арқылы сұрақ қоямын: «Әйелге, анаға деген көзқарасымыз қандай? Құрметіміз қай деңгейде?» Осы сұрақтарға әркім өз жүрегімен жауап берсе, менің еңбегімнің мәні бар деген сөз.

– Өнер мен тұрмыс арасындағы тепе-теңдікті сақтау қиын екені баршаға мәлім. Осы екеуін қалай үйлестіресіз?

– Өнер мен тұрмысты қатар алып жүру шынымен оңай емес. Дегенмен бұл екеуі бір-бірін толықтырып, өмірге мән мен сән беретін құндылықтар деп ойлаймын. Отбасым менің өнерге деген сүйіспеншілігімді, шығармашылыққа деген ықыласымды жақсы түсінеді және әрдайым қолдау көрсетіп отырады. Колөнермен айналысып, шығармашылықпен тынығуға тырысамын. Алайда кейде күнделікті тұрмыс, бала тәрбиесі мен отбасы қажеттіліктері алдыңғы орынға шығатын сәттер болады. Мұндай кезде өнерімді амалсыз кейінге ысырып қоямын. Бұл өнерден қол үздім деген сөз емес. Қайта сол сәттер маған шабыт жинауға, өмірлік тәжірибемді байыттып, оны кейін шығармашылығымға арқау етуге көмектеседі. Сондықтан ең бастысы – екеуінің арасында тепе-теңдік сақтап, бірін-бірі жоққа шығармай, керісінше үйлестіре білу. Өнер мен тұрмыс – өміріміздің екі қанаты сияқты. Өнер рухани жан дүниемді байытса, отбасым өмірімізді берік іргетасы.

– Колөнер жолында өзіңізге қойған басты мақсат қандай?

– Шығармашылық жолындағы басты мақсатым – өзімнің білгенімді оқушыларға үйрету, оларды өнер арқылы тәрбиелеу. Көркем еңбек сабағында тек колөнермен айналысып қоймаймыз, оқушыны ұқыптылыққа, сабырлыққа, төзімділікке баулимыз. Себебі жүн де, кесте де үлкен төзімділікті, мұқияттықты талап ететін шығармашылық бағыттар. Әрбір істеген ісінде асығыстыққа жол жоқ, бұл балаларға да өмірлік сабақ береді. Оқушының бойынан қызығушылықты, талпынысты көру мен үшін ең үлкен жетістік. Сол себепті балалардың бойындағы шығармашылық қабілетті ашу ғана емес, оларды өмірге бейім, шыдамды, еңбекқор азамат етіп тәрбиелеу жолында еңбек етіп келемін.

– Жауабыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Айдана ЕДІЛБЕКҚЫЗЫ

16 ҚАЗАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК НАН КҮНІ

Нан – адамның күнделікті рационындағы негізгі азық-түліктердің бірі. 16 қазан – Дүниежүзілік нан күні ретінде бекітілген. Яғни нанға құрмет көрсету мен оның адамзат өміріндегі рөлін насихаттау күні. Бұл күннің таңдалу себебі – 1945 жылы 16 қазанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (FAO) құрылды. Дәл осы күні көптеген елде астық, нан өндірісі мен азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері хақында жиындар, іс-шаралар мен кештер ұйымдастырылады.

Сәйкесінше 2019 жылы қыркүйек айында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Мерекелік күндер тізбесіне толықтыру енгізу» туралы қаулы қабылдады. Қазақстанда нан күні мерекелік күндер тізбесіне 16 қазан болып бекітілгенімен, мемлекеттік демалыс күні емес – яғни жұмыс күндері сақталады.

«Нан күні» мерекесі ауыл шаруашылығы саласының, астық өндірушілер мен нан, үн өнімдерін дайындайтын кәсіпорындардың еңбегін бағалау, халыққа астық пен нанның маңызын насихаттау үшін белгіленген.

Дүниежүзінде әрбір ел нан күнін өз мәдениеті мен мүмкіндігіне сай атап өтеді. Мәселен Францияда, нақтырақ айтқанда Париждегі Le Boulanger de la Tour наубайханасында 16 қазан күні арнайы дәндерден дайындалған «сармент багет» секілді эксклюзивті нан түрлерін шығарады. Бұл нанның қамыры 24 сағат бойы ферментацияланады.

Француздар үшін нан өнімдері мен багеттің мәдени маңызы өте жоғары. Мәселен 2022 жылы багет UNESCO-ның материалдық емес мәдени мұра тізіміне енді.

Ал Германияда орталық наубайшы кәсіподақтары бұл күні нан мен нан өнімдерінің маңызын насихаттайды. Көптеген наубайханада тұтынушыларға дәм сынау (дегустикация) және фермерлер, наубайшылар арасында мастер-класс ұйымдастырылады. Германияда нан түрлерінің саны өте көп – елдегі нан өнімдерінің қатары ерекше бай.

Италияда нан күніне орай үн зауыттары мен үн өндірушілер одағы ұлттық маңызы бар іс-шаралар өткізеді. Бұл елде шамамен 250 түрлі нан бар және олардың арасында қорғауға алу қорсеткіші белгіленген бірнеше нан түрі бар.

Араб елдерінде бұл күні Arab Bread Day деген атпен салтанатты шара атап өтіледі. «Араб нан күні» алғаш рет 1984 жылы Иорданияда Араб халықаралық астық өнеркәсібі конференциясы аясында басталған. Бұл шара астық өндірісі, нан сапасы және азық-түлік қауіпсіздігі тақырыптарын талқылауға арналған.

Ал Румынияда 16 қазан күні Азық-түлік саласының мамандары қауымдастығының ұлттық күні ретінде атап өтіледі. Бұл күні нанның тарихи, мәдени және әлеуметтік мәнін түсіндіру мақсатында іс-шаралар өткізіледі.

Жалпы әлемде бұл күні қайырымдылық шаралары – азық-түлігі жеткіліксіз отбасыларға немесе кедей аудандарға тегін нан тарату және мастер-класстар, наубайшылар арасындағы түрлі байқаулар, дәм тату шаралары ұйымдастырылады. Медиа кеңістіктер мен әлеуметтік желілерде «менің сүйікті наным» тақырыбында акциялар өтіп, адамдар өз нан рецептілерімен бөліседі.

Нан өнімдері жөнінде қызықты фактілерге көз жүгіртейік. Нан дайындау – мыңдаған жылдық дәстүр болып саналады екен. Ең алғашқы ашытылған нан б.з.б. шамамен 1500–2000 жылдарда Египетте пайда болған деседі. Нан әлемдегі азық-түлік жүйесінің маңызды бөлігі: астық және нан өнімдері калориялардың шамамен 20% мөлшерін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ көптеген тілде «нан» сөзі тек нанды ғана емес, «тамақ», «тағам», «азық» ұғымдарын білдірген. Заманауи наубайханалар денсаулыққа пайдалы нан түрлерін, яғни атап айтқанда тұтас дәннен, ашытқысыз және глютенсіз нандарды көптеп жасап шығарады. Ғылыми тұрғыла, нан өндірісінің экологиялық өндіру тәсілдерін, денсаулыққа пайдалы құрамын насихаттау, инновациялық әдеттерін көрсету бағыттары көбіейіп келеді.

16 қазан – Дүниежүзілік нан күні – бұл тағам мерекесі ғана емес, азық-түлік қауіпсіздігі, мәдениет, еңбек және қайырымдылық тақырыбына терең үңілетін күн. Әр ел, әр қаланың наубайшысы мен тұрғыны бұл күнді өз салт-дәстүріне сай атап өтеді.

Қазақ қоғамында да бұл күн – нанды құрметтеу, дәстүрлі нан түрлерін жаңғырту, ауылдық наубайханаларды қолдау күні бола алады. Қаламызда немесе ауылда осындай іс-шаралар ұйымдастырып, балаларға нан пісіру шеберлігін көрсетіп, сондай-ақ қайырымдылықпен айналысу артық емес... Ал сіз қалай ойлайсыз, оқырман?

Аружан МАРАТҚЫЗЫ

Өркениетпен қатар дамыған саланың бірі – тігіншілік. Өкінішке қарай, қазір бұл мамандықтың қоғамдағы орнын біршама төмендетіп алғандаймыз. Бұрынғыдай жоғары бедел бермей, назардан тыс қалдырғанымыз жасырын емес. Бұл салаға көбіне кәсіп ретінде қараймыз. Тіпті тігін машинасын қолға алған адам бірден мамандықтың қыр-сырын меңгеріп, мінсіз атқара алатындай көрінеді. Дегенмен тігіншіліктің өзіне тән қызығы мен шыжығы бар.

Алғашқы кейіпкеріміз – Жанар Ниязмұратова. Ол тігінші болуды мектеп жасынан армандаған. Колледж бітіріп, Алматы мен Ақтөбе қалаларында тәжірибе жинап, кейіннен Арал қаласынан өз кәсібін ашқан. Бұл салада жұмыс істеп жүргеніне биыл 23 жыл болады. Сондай-ақ «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» мамандығы бойынша білім алса да, жүрегі тігін ісін қалаған Индира Жұмашева да бізбен сұхбаттасуға қарсы болмады. Бұған дейін 16 жасынан бастап шаштараз ретінде жұмыс істеген. Кейін тігіншілікке келіп, кәсібі өрлеп, осы салада қалған.

– Өрине, мамандық атауының барлығы өнер. Бірақ көңіліме жақыны әрі жүрегімізді қалауы – тігіншілік. Жалпы еңбек өтілім 16 жыл. Қазір команда жинап, 20-дан астам адамды жұмыспен қамтып отырмын, – деді Индира Жұмашева сөз басында.

Қыз ұзату, наурыз бен той-томалақ секілді бас қосу қазаққа жиі ұйымдастырылатынын білеміз. Сондықтан тігіншіге сұраныс күннен күнге артып келді. Алайда маман тапшы. Осы орайда Жанар Ниязмұратова мынандай пікір айтты: «Қазір жастардың тігіншілікке келе бермейтіні қынжылтады. Біз білгенімізді, бойға сіңірген өнерімізді үйреткіміз келеді, бірақ оны қабылдайтын адам жоқ. Инмен құдық қазғаннан гөрі ылдас-аяқ жуып ақша тапқанды жеңіл көреді. «Бар білгеніміз өзімізбен бірге кете ме?» деп уайымдаймын. Өйткені қызым да басқа мамандық тандады. Дегенмен, «Ана көрген – тон пішер» демекші, қажет дүниесін өзі тігіп алады».

Кейіпкермен әңгімелесу кезінде осы саладағы қиындықтар жөнінде де сөз қозғады. Олардың жауабы екі түрлі болды. Жанар Ниязмұратова «Тігіншілерде күн-түн, мейрам деген болмайды. Халықтың қалауы солай. Әсіресе мереке қарсаңында демалыс дегенді ұмытасын» деп жауап беріп, сөзін былай жалғасты: – Бір таныс келіншек қызына: «Қызым, тігіншілікті үйрен, ертең тігін орталығыңды саған қалдырамын, ісімді жалғастырасың» дейді. Сонда қызы: «Жоқ,тігінші болмаймын. Себебі мерекеле, демалыста сізді көрген емеспін. Ал мен болашақта демалыс күндерімді балаларыма арнағым келеді. Сіз таңертең ерте кетесіз, кеш келесіз. Мейрамда да демалмайсыз» деп жауап берген екен,



ЖІПТЕН ӨРІЛГЕН ШЕБЕРЛІК

– деп бір мысал айтып берді.

– Халықпен жұмыс істеу де оңай емес. Совет дәуірінен қалған қағида – «Тұтынушының әрқашан дұрыс». Олардың қасабағына қарап, психологиясын түсіну қажет. Кейбір клиент шер тарқатып, ризашылығын білдіріп кетсе, кейбірі ұрысып шығады. Бірақ біз бәріне сабырмен қарауға тиіспіз, – деді Жанар.

Тігінші үшін уақыт өте құнды құрал. Басқа мамандық иелері көбіне белгіленген уақыт аралығында жұмыс істесе, тігіншілерде ол тапсырыстың санымен өлшенеді. Бірде көп, бірде аз. Сондықтан уақыттың саралануы да тігіншінің аса ерекше қабілеттерінің бірі.

Ал Индира Жұмашеваның ойынша, әр мамандықтың өз қиындығы бар.

– Тігіншіліктің ауыр тұсы – нарықтағы бәсекең күннен-күнге күшеюі. Тапсырыс берушілердің таламы жоғарылаған сайын біз де кәсібі деңгейімізді көтеруге міндеттіміз. Тапсырыс алғанда клиенттің қалауын толық түсініп, нәтижені алдын ала сипаттап, қалауынан шығу өте маңызды, – деді ол.

ӨМІРДЕН БІР ҮЗІК

Әр саланың өзіндік, қайталанбас ерекшелігі болады. Біреуі әрдайым халықпен байланыста, бірі тәулігіне жиырма төрт сағат жұмыс істейді. Тігіншілік те дәл солай. Бұл туралы Жанар Ниязмұратова айтып берді.

– Бұл мамандықтың ең жақсы тұсы – ертең аш, жалаңаш қаламын деп уайымдамайсың. Біреудің балағын қысқартсаң да наның табыла береді. Үйде отырып-ақ көрпе, шұлық, жапқыш сияқты тұрмыстық дүниелерді тігіп, отбасымды асырадым. Бұл кәсіптің артықшылығы – осында, – дейді ол.

Тігін саласының қызығы да, шыжығы да мол. Көз алдымызға цехтың образын елестетсек бұл күнделікті қайталана беретін өмір ритмін, сұр түсті еске аламыз. Алайда мұнда күнде бір қызық оқиға болып тұрады. Соның бірі күлкімен еске алатын әжеміздің қызық қылығы.

Шеберханамызға жасы үлкен әже келді. Қызы да, келіні де жоқ екен. Әже ұлының пальтосын әкеліп:

– Балам, менің қызы киетін киімім жоқ. Осыны әдемілеп күртеше қылып тігіп берсең, – деген өтініш айтты.

Әжеге бір қараймын, пальтоға бір қараймын. Ол әжеге сай емес еді.

– Әже, сіздің пальтоңыз әдемі, керемет болып шығады. Дым уайымдамаңыз, киіп көруге де келмей-ақ қойыңыз. 10 күнде дайын болады, – деп өзінің пальтосын орап тастап, іште бір апта бойы әдемілеп пальто тіктік. Оны тіккенімізге өзіміз ризамыз. Бәріміз жабылып

бір туынды шығардық. Түсі қанық қызыл.

Кейін әже келіп, киіп көріп жатыр. – Балаларым-ау, өтекпен күйдіріп алдыңдар ма? Түсі ағарып кеттігі ғой, – деді.

– Әже, бояуы жұғатынын білмей, байқамай жуып алдық, – деп қалжыңға сүйеп қайтардық. Әже ауылына барып, көрші-қоланға мақтанашты:

– Ұлымның пальтосын апарып едім, әдемі күртеше тігіп берді.

Кейін ауылдан балаларының пальтосын аркалап, бірнеше әйел келіп, әженікіндей пальто сұрады.

Біз болсақ «Банкрот болғанның көкесін енді көретін шығармыз» деп әлі де сол оқиғаны қалжымен еске аламыз.

Кәсіп алға басуы үшін маркетингтер белгілі бір жүйені сақтайды. Күнделікті бір контент салады, стиль қалыптастырады, әлеуметтік желінің имиджін әзірлейді. Бұл принцип. Ол бізге қалыпты зат. Ал тігін ісіндегі принциптер мүлдем бөлек.

Мысалы, ертең бірінші таңда қандай клиент келсе, кешке дейін дәл сондай тұтынушылар келеді. «Егер аздаң шөлкез мінезді адамға тап болсақ, болды бүгін тек осындай клиент келеді дейміз. Ал ертесіне керемет, қолы ашық тапсырыс беруші келсе, жұмыс күніміз сәтті өтеді. Күндеріңізді бір-біріне ұқсамайды. Екіншіден, әркімнің өз қайшысы бар. Ешкім ешкімнің қайшысын ұстамайды. Үшіншіден, әр киімнен кішкентай қиынды алып қаламыз, бірақ оны іске асырмаймыз, жаратпаймыз. Себебі ол жұмысының жалғасуы, үзілмеуі үшін керек» деді Жанар Ниязмұратова.

Тігіншілік кәсіп пе, әлде өнер ме?

Қарастырып көрейік. Бұл мамандық – әрі кәсіп, әрі өнер. Ішінде пайда болған туындыны шығарып, оны біреудің қуанышына киетін киім етіп тігіп беріп, мейрамның көркін келтіру – тігінші үшін тағы бір жетістік. Бір жағынан ақша да табады. Маман киім тігіп, тапсырыс беруші оны ұнатып, риза болғанда дүниеге бір бала әкелгендей сезім пайда тап болады. 10-15 жылдап тігіншіліктің түбін ойып, аты шыққан колонершілер де әлі күнге дейін тұтынушыға ұнай ма деп уайымдайды екен.

Тігіншілік – қоғамның ажырамас бөлігі. Оның жұмысы көзге оңай болып көрінуі мүмкін. Бірақ оның артында жатқан ұйқысыз түндерді, уақыт ташпылауының, қоғаммен жұмыстың ауыртпашылығын мүлдем көрмейміз. Тігіншілер ісін әуелі өнер санайды, ал кәсіп кейінгі орында. Ол мамандыққа деген ізгі махаббат пен жүректің шынайы қалауының белгісі.

Мерей ШӨКРАТ

ҚОШ

АСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ...



– Аян...

Алыстан үзік-үзік естілген дауысқа жалт қарадым. Қолыма алып тұрған балмұздақтың жейдеме жағылып қалғанын да аңдамай қалыппын. Дерек жаныма келді де, баяғы әдетіне салды.

– Жейден бүлініп қалыпты ғой, – деп дереу бет орамалыммен балмұздақты сүртіп тұрды.

Түк өзгермепті. Сол баяғы қалпы. Тіпті киім киісі де өзіне жарасымды қалпынан жаңылмаған. Оның қоңыр көздеріне тіке қарасам, мына әлемнен өзімді алыстатып алардай қорықтым. Шие ерні дір-дір етіп, беті алмайды болып қызарып тұрды. Оның шашы желмен жылжып, менің бетіме тиіп жатты. Білдірмей іскенгендей болдым. Ал ол аңғармалы да. Сәлемдескенде қолын ұсынған. Баяғы бірге қол ұстасқан кездеріміз есіме түсіп кетті. Оның саусақтары баланың саусағындай кішкентай еді. Жуан алақаныма салып, қараудан жалықаушы едім...

– Көлікпен жүрсең бе? Оның сұрағы да санамдағы ойдан алыстата алмады. Өлден уақытта барып, көлікке қарай нұсқап, жол бастадым.

– Газеттен мақалаларыңды оқып тұрамын. Жолдасым – мұғалім. Ол жолдасы жайлы айтқанда басын төмен салды.

– Кішкентайларың ше? – дедім. Үнісіз ғана терезеге қарап отырды. Әдейі емес, бірақ осы жолы біз екеуміздің бақытты шақтарымыздың куәсі болған қала көшелерімен келеміз.

Университеттен шыға сала арбатты жағалай орталық алаңға, онан кейін Қорқыт ата көшесіне

қайта оралып, сарқырамаға бұрылып, дарияның жағалауына...

– Есінде ме, «екеуміздің екі ұл, екі қыз – төрт баламыз болады» деуші едің. Мен қазір сол екі ұл, екі қыздың анасымын. Үлкенім – ұл. Сенің арманыңдағыдай есімін Аппамыс деп қойдым.

Оның осы сөздерінен кейін жағалауға барып, бір-ақ тоқтадым. Ол да, мен де ләм-мим жақ ашпай біраз отырдық.

– Құшақташы, – деді ол. Мен оны жай ғана құшақтадым. Шашынан иіскеп, сол алансыз кезеңді еске алдым. Қанша жылғы сағыныш, ішінде айта алмай кеткен сөздері оның көздерінен тамшы болып сырғанап жатты. Мен оны жұбатамға сөз таба алмадым. Жан дүниесіндегі алай-дүлейді қанша түсініп, ұғынып тұрсам да, жауап берер дәрмен жоқ еді...

– Сен сол кезде неге мені алып кетпедің?

– ...

Мен сол уақытта өзімді соншалық жігерсіз сезінгенім, мына ғаламның ең сормандай, ең әлжуаз пендесі болғаным үшін өзімді әлі күнге кешірмегенімді айтсам, оның жан жарасын жеңілдетер ме?! Жо-жоқ, менің махаббатымның дәрменсіздігі, сезімнің әлсіздігі, мен үшін бәріне баруға даяр жүрген қызға деген сенімнің болмағаны... Мұның барлығын айтып берсем, оның жүрек жарасын жазуды былай қойғанда, сол күнгі, сол түнгі жарасының бетін тырнайтындымды білдім.

– Жауап бермей-ақ қой. Сен сол кезде-ақ мені шаруасы тынды деген шығарсың...

Оның әлігіндегі көз жасының барлығы тыйылғандай болды. Бірақ менің жүрегім жылап тұрды.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі



Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VRY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.

«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарулырмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit-zhastary / cайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Аружан ОРАЛБАЙ

Таралымы: 6479
Тапсырыс: 1762